


ЖАРКЕНТ

Айнасы

№10 (12), 22 мамыр, сәрсенбі, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru



ЖАРКЕНТ ӨҢІРІНЕ ТАРИХИ- ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ КЕРЕК ПЕ?



Тұлпардың тұяғы кетіліп, қыранның қанаты талатын ұланғайыр даланы қорғап, кейінгі ұрпағына мұраға қалдырған кешегі ер бабаларымыздың ерлік істерін халқымызға, оның ішінде кейінгі өскелең ұрпаққа жеткізетін біздер екендігіміз белгілі.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді?» деп сұрақ қоя отырып жауабын да қолмен қойғандай етіп көрсетеді. «Біздің бабаларымыз... Олар ұлттың болашағын – келер ұрпағын, бізді қорғады. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс» - деп санамызға ой тастайды. Бағдарлама аясында республика көлемінде көптеген шаралар жүргізілгендігі баспасөз беттерінде жарияланды да.

Жаркент өңірі ежелгі Жібек жолының торабында орналасқан. Б.з.д. VII ғасырдан бастап қазақ халқының негізін

құраған сақ, ғұн, үйсін, көктүріктердің киелі мекені, қасиетті қонысы болғандығы тарихи шындық. Сондықтан да Жаркент өңірі археологиялық, тарихи мұраларға өте бай өлке. Бірақ сол құпиялары ашылмай, бар құпиясын ішіне бүгіп жатыр. Бір ғана мысал: Жаркент аймағынан, онда да Үшарал (ортағасырлық Ілебалық қаласы) ауылының маңынан табылған көне теңгелер контрабандалық жолмен Қытай жеріне өтіп, одан Ресейдің Санкт – Петербург қаласынан шығып, археологтар қолына түскен. Мұнда айтайын дегенім Кеңес өкіметі кезінде шекаралық шепке орналасуына байланысты археологиялық қазба жұмыстарының жүргізілмей, ежелгі қоныстар мен үйсін обалары ғылыми тұрғыдан зерттелмей келуінде болып отыр.

(Жалғасы 2-бетте)

Армысыздар қадірменді қауым және конференция қонақтары! Құпиясын қойнына бүккен жаз дидарлы Жаркент өңіріне қош келдіңіздер!

Ал енді, осынау киелі мекен шежіресін тарқатып бағамдау үшін өткен дәуірлер ортасына бір сәт оралып, ата тарихымызға жүгініп көрелік. Кезекті біздің болжамымыз бойынша, біз сөз етіп отырған Жаркент өңіріндегі қала, кент, қорғандардың пайда болуы біздің заманымызға дейінгі ежелгі дәуірлерден бастау алатындығы шүбәсіз. Неге десеңіз айтылған уәжімізге дәлел ретінде мына бір мұрағат деректеріне кезек берейік: Өткен ғасырдың, нақтырақ айтсақ, «...1979 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінен «Казреставрация» археологтарының тобы шығып, Панфилов ауданының «Мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамымен» бірлесіп ежелгі ескерткіштерді есепке алу жұмыстарын жүргізген еді. Яғни, сол жылдардың аудандық мемлекеттік мұрағатындағы экспедиция құжаттары негізіндегі жазбалардың бірінде «Қазақ ССР мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының» жауапты хатшысы В. Семенованың: «Жоңғар Алатауының солтүстік беткейінде орта ғасырдағы қалалар орны анықталған, ежелгі жазулар мен петроглифтер, тастағы жазулар мен суреттер табылған. Жоңғар тауының Панфилов ауданына қарасты оңтүстік сілемінде ежелгі қоныстардың орны және Өсек өзені аңғарында, Лесновка, Еңбекші ауылдары аймағы мен одан жоғарыда тау бөктерлерінде орналасқан ерте дәуірдегі көшпенділердің бейіт – қорғандары табылған. Мұнда 2500 жыл бұрын өмір сүрген адамдардың қонысы болғанын білдіретін «із» қалған» деген деректер келтірілген.

Сол дәуірдің қала мәдениетінің негізгі құрылыс нысандарына – қыстақтар, кенттер мен қорғандар, қамал бекіністер жатады. Бабалардан мирас болған киелі Жетісу жерінен кең – байтақ Шығыс пен Батыс өлкелерін байланыстырушы өзінің бастауын б.з.б. II ғасырдан алатын Ұлы Жібек жолының өтуі өзінің саяси және экономикалық ықпалын тигізіп отырғандығы және бар.

Енді **Жаркент қаласы** тарихы жайын қарастырсақ, қайтадан байырғы Сақ заманына ораламыз. Себебі, атақты ғалымдарымыз – В.В. Бартольдтың, Н.Я. Бичуриннің, П.П. Румянцевтің және отандық тарихшы К. Ақышевтың, тағы басқа зерттеушілердің ғылыми дәлелдері бойынша «...қазіргі Жетісуды, оның құрамындағы Жаркент өңірін б.з.д. VII – III ғасырларда сақ тайпалары мекен еткен» деген ғылыми тұжырымдамалары бар. Және бір дерек, осыдан мың жылдан аса уақытта Таяу Шығыстан шыққан араб оқымыстысы, географы – М. Әл – Мақдисидің ежелгі Испиджаб (қазіргі Шымкент) аймағы туралы еңбегінде: «...Испиджаб аймағы Мауреннахрдың (бұл жерде Оңтүстік Қазақстан) орта тұсында орналасқан. Оның Құрлұқ, Жұмышлағу, Бараб, Тараз, Балу, т. б. көптеген қалалары бар дей келе (барлығы 51 қала), сөз соңын **Жаркент** қаласының атымен аяқтайды. Бас қаласы - Испиджаб» деп көрсетілген деректер сақталған.

(Жалғасы 3-бетте)

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» соғысының соңғы жылдарында Жетісу өлкесінің шығыс өңірінде азаттық күресін аяқтаған адам - Райымбек батыр. Оның атасы - Аңырақай шайқасында жекпе-жекке шығып жеңіске жеткен әйгілі Хангелді батыр, әкесі - Түке, анасы - Айтолы. Оның ерлік үлгісін қазақ тарихында өзіне дейін де, кейін де қайталаған адам болған емес. Аты албан тайпасының ұранына айналу сыр да оның осы ерекшелігіне байланысты. Қазақ тарихына ой сап қарасақ, Абылай мен Райымбек қана өз атын өзі ұрандап жауға шапқан екен.

Райымбек жайында дерек жинаған Қабылбек Сауранбаевтың «Райымбек батырдың шайқастары» атты қолжазбасы – кейбір кемшіліктеріне қарамастан, Райымбектану ілімінің негізі саналуға татылтын еңбек. Ол қолжазба жазушы Төлен Қауынбайұлының «Бес томдық шығармалар жинағының» 2-томында жарияланды (Алматы, 2008. 104-бет пен 167-беттің арасы). Қ.Сауранбаев 1899 жылы туып, 1982 жылы не 1983 жылы қайтыс болған көрінеді. Ол кісі Райымбек жайында жақсы біледі-ау деген отыз

РАЙЫМБЕК БАТЫРДЫҢ СЕРІКТЕРІ

шақты адаммен жолығып, жоғарыда аталған еңбегін солардың айтуы бойынша қорытындылаған. Бір кемшілігі – кімнің не айтқанын жеке-жеке дараламай, бәрінің айтқанынан ортақ пікірді ғана түйіндеген. Оның 1922 жылы Райымбек батырдың өз ұрпағы 105 жастағы Нартұлы Қашағанмен, 1924 жылы Суан Сатай батырдың ұрпағы 115 жастағы Кезеңқараұлы Әділбекпен кездесуі айрықша бағалы. Өйткені екеуі де аталарының ерлігін ел аузынан емес, өз әкелерінен және ағайын-туыстарынан бала күнінен естіп өскен. Сондықтан бұл жағдай Қабылбек ағамыздың деректеріне сенімімізді арттыра түседі.

Қабылбек ақсақалдың жинаған дерегіне қарағанда, Райымбекті «Туғаннан жеті жасына дейін атасы Хангелді баулыпты». Сол жасқа келгенінде жалайыр Орақ батырдың тұқымынан тарайтын нағашысы, жігіт болғанда жиенім мінсін деп, бір көк тай асынында деп, садақ, айбалта, қылыш, найза, қалқан, сауыт, болат семсер

әкеліп, атасы Хангелдіге тапсырыпты. Сірә, жиеніне беруге тиіс қырық шұбар тайының өтеуі болса керек. Көк тайына Көкқойнақ деген атты Райымбектің өзі қойыпты. Атын секіртеп, суға жүздіріп, жатқызып-тұрғызып үйреткеніне қарағанда, Райымбек бала кезінен жылдам, қимылына көз ілеспейтін шапшаң, өте епті, әскери әдістерді жақсы меңгерген әбжіл бала боп өскен. Оның жастайынан әскери ойындарға құмарлығы біреулерді шоштыса, біреулерді сүйсінткен. «Мына соғысу жолында жиырма бес жылдай болды»,- деген К.Сауранбайұлының тұжырымымен келіссек, Жетісудың шығысын жаудан тазалау үшін, Райымбек 15 жасынан 40-қа келгенше, 1745 жылдан 1770 жылға дейін соғысқан (сонда, 158-бет).

Райымбектің алғаш ел аузына ілігуі жасы 15-тен асып, 16-ға толмаған кезінде. 1745 жылы көктемде Наурызбай батыр бастаған ұлы жүз қолы Қарқарада қалмақ әскерін қирата жеңген соң, қазақ

жауынгерінің бір тобы, ішінде Хангелді де бар, сең жүріп кеткендіктен, Іленің оң жағалауына өте алмай бөгеліп қалады. Себебі сең соғып, атты жүздірмейді және аттың үстіндегі адамға да қауіпті болады. Атасының қасында жүріп соғысуды ежелден армандап өскен жаужүрек ұл өзі жылқыда жүргенде аттанып кеткен атасын дәл сол кезде Іленің жағасында қуып жетеді. Бала жағдайды естіп білген соң, Іленің бергі бетінен арғы бетіне жететіндей етіп қамысты бұдырады да, бір шетін бергі беттегі ағашқа байлап, екінші шетін су бетімен арғы бетке Көкқойнақпен сүйреп өтеді де, ол жағын да мықтап бекітіп қайтады. Енді көшкен сең су бетімен ақпай, қамысқа сүзіліп тоқтайды да, бірте-бірте біріне-бірі жабысып қалаңдай береді. Сөйтіп, таң атқанша бір-біріне кіріккен сең сіресіп, бірнеше атты кісі өте шығатындай мұз көпір болып қатып қалады. Ондай өткелді күздер деп атайды екен. Он бес жасар баланың бұл тапқырлығы қазақ жауынгерлерінің қатты таңғалдырады. Бәрі сол арада оның аты-жөнін сұрап, Хангелді батырдың немересі екенін біледі (сонда, 112 -бет).

(Жалғасы 4-5-бетте)

(Басы 1-бетте)

ЖАРКЕНТ ӨҢІРІНЕ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ КЕРЕК ПЕ?



Дегенмен 2016 жылдан бері академик Карл Молдахметұлы Байпақовтың (марқұм) жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Тарих және этнография институтының мамандары Үшарал ауылының маңындағы орта ғасырға жататын Ілебалық қаласының орнына қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Қала орнынан көптеген бағалы жәдігерлер табылды. Қазба кезіндегі археологиялық заттардың құндылығы мен олардың халқымыз үшін қандай бағалы екендігін жазған академик К.М.Байпақовтың «Промышленность Казахстана» журналында жарияланған ғылыми мақаласының орыс тілінен аудармасын «Жаркент айнасы» газетінің кезекті санынан оқыған боларсыздар. Осы аймақтағы көптеп саналатын үйсін қоныстары мен қорымдарынан жер қазу жұмыстары кезінде құмыралар, әшекей бұйымдар, теңгелер, жебе ұштарын балбал тастар, құлпытастар табылған. Әйтсе де, көп дүниелер ұстағанның қолында кетіп, білместіктен қайта жоғалып кетіп жатыр. Ал егерде Жаркент қаласынан Өлкетану мұражайын ашқан жағдайда осы өңірден табылған халқымыздың бұрынғы тұрмыс – тіршілігінен мол мағлұмат беретін тарихтың тартуы сияқты осы заттарды сақтауға, жұртшылыққа танытуға, көрсетуге мүмкіндік туатын еді. Өлкетану мұражайы өңіріміздің бай тарихын, өткен күндердегі мол мұрасын, өзіміздің хәм шет елдік азаматтарға көрсетуге, олардың Қазақстанға қызығушылығын туғызуға болар еді. Мұнда мен тек археологиялық жәдігерлерді ғана сөз етіп отырған жоқпын. Халқымыздың тұрмыстық заттары, қазақ батырларының соғыс өнеріндегі қолданған қарулары, ұстаған бұйымдары, т.б. өмір салтынан хабар беретін дүниелермен толығар еді.

Туған жерді сүю, сүю үшін оның тарихын білу – парыз. Бұл ретте өлке тарихын әспеттеп, келер ұрпаққа жеткізу аға буынның міндеті. Жастарды өлкеміздің мыңдаған жылдық тарихымен таныстыру, олардың туған жерге деген ыстық сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін арттыруға да мұражай үлкен ықпал етері сөзсіз. Біздің осы сөзімізді былтырғы жылдан бастап республикамыздың барлық мектептеріне енгізілген «Өлкетану» пәні қуаттай түседі. Бірақ өз өлке өзге облыстармен қатар өз өлкесінің тарихын тереңірек білу қажет сияқты.

Ел тарихын сүю өз өлкесінің тарихынан басталады дейтін болсақ, ежелгі дәуірлерге жетелейтін көне жәдігерлер мұражайын ашу бұл аудан мектептеріндегі оқушыларымыз үшін де қосымша дәріс мектебіне айналар еді. Қорғастан Қоңырөлеңге дейінгі аралықтағы жастарымызды рухани байытып, құндылықтарымызды бағалай білуге тәрбиелейтіні сөзсіз.

Сіздерді құлағдар ете кетсек, аудан бойынша тарих және мәдени ескерткіштердің санының көптігі Жаркент жерін ежелгі қола және ерте темір дәуірі (б.з.д. ХҮІІІ- б.з.д. YIII ғ. б.з.д. YIII ғ. – б.з.д. Y ғ.) кезіндегі адамдар қоныстанғанын білдіреді. Мысалы Лесновка ауылы маңында – 56, Әулиеағаш ауылы маңында – 30-дай, Жаркент қаласы мен оның төңірегіндегі – 10-нан астам орын табылған. Сондай бір дерек Жаркент қаласының тұрғынының ауласынан жер қазу кезінде 3 метр тереңдіктен адам сүйектерінен қоса қыш құмыралардың сынығының көптеп табылғандығы. Басқұншы ауылы маңындағы қола дәуіріне жататын құламалар көрсетілгенмен ол жердегі елуден астам үйсін обалары тізімге кірмей тұр. Мұндай мысалдар өте көптеп кездеседі. Мақсатымыз

мұндағы ауылдардың аймағына ескертпе белгілер қою қажет. Сөз арасында айта кетейін, 2017 жылы күз айында облыстық әкімдіктен мамандар келіп, Басқұншы ауылы маңындағы Көкжазық алқабындағы балбалтасты суретке түсіріп, қоршауға қаржы бөліретіндігін айтқан. Хабар жоқ.

Ғалымдарымыздың қызығушылығын туғызып отырған Басқұншы ауылының орынындағы көне үйсін мемлекетінің орталығы Шығу қаласының болғандығы. Мен өз зерттеулерімнен табылған жәдігерлерді және жер серігі арқылы орнын ғалымдарға көрсете отырып, академик У.Шалекенов пен К.М.Байпақовтың үйсін мемлекеті орталығы екендігіне көздерін жеткіздім. Институттың арнайы қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Д.Талеев Үйсін күнбиінің резиденциясының орнын да анықтап кетті. Мұнда тағы да көне түркі заманынан келе жатқан үш балбал тас бар. Бұл жерлерге де ескертпе таңба мен балбал тас, т.б. қоршау тұрғызу қажет. Осы аймақты мекендеген ежелгі адамдар артына көптеген естеліктер қалдырған дәптері де, қаламы да тас болған заманнан жеткен тастағы таңбалар, суреттер, жазулар кездеседі. Соның бірін жақында Еңбекші ауылынан суретке түсіріп қайттым. Нұр – Сұлтан қаласындағы Бәйтерек кешенінде орналасқан тұғырдағы бес саусақ таңбасы секілді қойтасқа түсірілген бес саусақтың белгісін көріп жүрген ауыз әдебиетінің білгірі көне жәдігерлерді жинаушы Айдар Нұрпейісов жанашырлық танытып Өсек өзенінің тоспасының жанындағы қоршауға сақтауға қойыпты. Бұл да зерттеуді қажет етеді. Бес саусақ аталарымыздың мынау жер біздікі деп алақанымен мөр басқандай әсер қалдырады. Өсек өзенінің алқабындағы Талды ауылы жанындағы, Тұрпан ауылының бас жағындағы, Сарытау, Мәнжу тауындағы, Қойтас шатқалындағы, Найзатапқан сайындағы тастағы безендірулер, адам іздері, тастағы темір таға, ерте темір дәуірінің ескерткіштері, міне, осының бәрінің көшірмелері, суреттері орналасқан орны көрсетіліп, Өлкетану мұражайынан табылатын, халқымыз білетін жәдігерлер болуға тиіс.

Қазақ халқының өз жерін жаудан қорғау кезіндегі ұрыс болған Орбұлақ

шайқасы ерліктің асқан үлгісі ретінде тарихқа өшпестей болып таңбаланып тұсті. Ұрыс болған жерді анықтау, оған ескерткіш тұрғызу, ел есінде естен кетпестей етіп шаралар ұйымдастыруда жазушы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бексұлтан Нұржекеевтің сіңірген еңбегі зор. Былтырғы жылы осы Орбұлақ шайқасының 375 жылдығы аталып өтті, сол батырлардың ерлігін еске түсіретін ескерткіш орнатылды. Ауданның атын Орбұлақ деп өзгерту ісі де жүріп жатқаны бар. Осы орайда сол батыр бабаларды үнемі атап жүретін шаралардың жүрмей тұрғаны. Қазақ жерін қорғауға басшылық жасаған Жәңгір хан мен Жалаңтөс баһадүрдің аттарын (Самарқанды 40 жыл билеген) көшелерге беруге болмас па? Жақын күндері 20 жылдан бері көтеріліп келе жатқан мәселелер шешімін тапқандай болып Қожбанбет биге, Елтіңді, Аралбай батырларға, Кеңес Одағының батыры Сабыр Рахымовтың аттарымен көшелер атала бастады. Әлі де еліне, жеріне еңбегі сіңген батырлар мен билер аталмай тұр.

Ұлы Отан соғысы қаншама боздақтарды алды. Жаркент аймағынан он мыңнан астам адам майданға аттанып, қарулы, кей жерлерде қарусыз жаумен шайқасты. Біршама адамдар Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Қаншама жауынгерлер аласапыранда белгісіз кетті деген қағаздар келді. Міне осы жауынгерлердің Орбұлақ ерлік жолы, соңында сақталған дүниелері болашақтағы Өлкетану музейінің залында мен мұндалап тұруға тиіс.

Жаркент қаласы көне қала екендігі тарихтан белгілі. Жаңа осы мақаланың бас жағында айтылған мысал (3 метр тереңдеткен адам сүйектері мен қыш құмыралардың табылуы) оның тарихын б.з.д. III – II ғ. жетелейді. Ресей билігі кезінде уезд орталығы болғандығын айғақтайтын құжаттар жеткілікті. Көненің көзі десек осындағы бұрынғы салынған ғимараттарды сақтау мәселесі туындайды.

Саяси қуғын – сүргінге ұшыраған жандардың аты – жөні, олар туралы мәліметтер, жалпы құжаттары және

кітап шығару да уақыт талабы. Музей қызметкерлерін осы жұмысқа жұмылдыруды қолға алу керек. Олардың ұрпақтарының қолында жүрген дүниелерді жинау, оны сақтау – үлкен еңбек пен қажыр-қайратты қажет етеді. Аудан бойынша қанша адам зобалаңға ұшырады, оның ішінде аштықтан қаншасы, қуғыннан, айдауда нешеуі атылғаны әлі анықталмады. Мұның бәрі біздің жастарымызға айғақ заттар ретінде естелік болып қалады. Мысалы Алмалы ауылында ғана елуге жуық адам РСФСР қылмыстық кодексінің 58 бабының 10 тармағымен сотталған. (Кеңес өкіметін құлату жөнінде үгіт – насихат жүргізгені үшін) тұтқындалып айдауға түскен көбі атылып кеткен. Алмалы ауылынан 1937-38 жылдары ұсталған 120 адам туралы мәліметтерді сұрап Алматы облыстық прокуратурасы мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша департаментіне 2010 жылдың 29 маусымында хат жолдап ҰҚК департаментінің мұрағатынан 8 адам туралы ғана мәлімет алдым. Алматы облыстық прокуратура анықтамасында Алматы облыстық ішкі істер халық комиссариаты басқармасының (ІІХ КБ) 02.03.1938 ж. мәжілісінің хаттамасымен 5 адамды ату жазасына соттаған. Ал екеуі 10-15 жылға дейін жазаға кесілсе, біреуін Қазақ ССР Әскери Соттың трибуналымен соттаған. Бұларға үкім 1938 жылы 15 ақпанда шығарылып, 31 наурызда орындалды делінген. Барлығы 1989 жылы 4 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын – сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңымен ақталған. Мұны толықтай жазып отырғанын, мұндай жазықсыз жалаға ұшыраған аудан бойынша нешеме адамдар бар. Белгісіз әр адамның артында қанша ұрпақтың тағдыры тұр. Мұның бәрін бізге сол Өлкетану мұражайы, ондағы жәдігерлер Аяз бидің шапаны сияқты жиі – жиі еске салып тұруға тиіс.

Кейде біздер проблемалық мәселелерді қозғайтын бұл болашақтағы атқарылатын іс, келешек ұрпақ қолға алады деген шығарып салма сөзге көп сүйенеміз. Былтырғы 2018 жылдың тамыз айында туған жердің тарихына деген бетбұрысты дұрыс пайымдау мақсатында аудан әкімі Темірлан Амангелдіұлына Жаркент қаласынан Өлкетану мұражайын ашу туралы 5 азамат қол қойған ұсыныс хатпен кірген едік. Олар: М.Солтанаев, Қ.Ыбырайымжанов, Д.Бейсенбек, Қ.Мәметқазы, Н.Бегімбет. Барлығы Қазақстан Журналистер одағының мүшелері. Бұлар ел үшін еңбек етіп, халық үшін қалам тартып жүрген жандар. Хатта Жаркент қаласындағы тарихи ғимараттардың бірі Панфилов педагогикалық училищесінің (Фотосы қоса берілген) үйін сұрағанбыз. Кейіннен 2018 жылдың 12 қыркүйегінде сіздің орынбасарыңыздан жауап хатын алдық. Хатта экспонаттар жиынтығымен қатар ғимараттың жеке меншікке өтіп кеткендігін айтып, алдағы уақытта ғимарат мәселесі шешілген жағдайда біздің берген ұсыныстарымыз назарға алынатындығы айтылған. «Ұлы даланың жеті қыры. Туған жер. Өлкетану. Тарих. Мәдениет» аяуымен өтіп жатқан облыстық ғылыми – тәжірибелік конференциядағы айтылар сөз бен тасталатын ой сол істің жалғасы екендігі қуантады. Осы ретте мақала тақырыбында көрсетілген «Жаркент өңіріне Тарихи-Өлкетану мұражайы керек пе?» деген сауалға аудан халқының Өлкетану мұражайын жасайтын кезі де, ата-бабалар тарихын ертеңгі ұрпағына тағылым етіп қалдыруға қабілетті екендігін көрсететін мезгілі де жетті деп санаймын.

МОЛОТ СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы»
газетінің Бас редакторы.



(Басы 1-бетте)

КӨНЕ ҚАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ



Демек, Жетісу Алатауының тау жоталары мен өзендері бойындағы жазық беткейлердегі солтүстіктен оңтүстікке қарай тізіле орналасқан қорғандар – аталмыш өңірлерде сақтар мен ғұн, үйсіндердің мал жайған жайлауымен қатар жайқалған егіс даласы және қыстақ, кенттері мен керуен сарайлардың болғандығын байқатады. Яғни, бұдан біз қазақ жерінің Оңтүстігі мен Жетісу өңіріне тән далалық өркениеттің белгілері болып саналатын: отырықшы егіншілік, тұрақты қоныс пен қыстауы бар мал шаруашылығы және қолөнерлік кәсіптердің жақсы дамығанын аңғаруымызға әбден болады. Бұл үрдістер сауданың да қарқынды өркендеуіне түрткі болды. Ал, жергілікті шеберлер болса уақыт талабына сай түрлі қыш ыдыстар жасауға маманданды, қолөнердің де жоғары дәрежеде дамуына жол ашылды. Сөйтіп, ғұмыр кешкен қыстақ, кент тұрғындары арасында темір балқытып одан қару, еңбек және тұрмыс құралдарын жасауы, қыш құмыра, әшекей бұйымдар әзірлеумен қатар, зергерлік істі де жақсы меңгергендігін байқаймыз.

Сөз арасында Жаркент қаласының Р.Трофимова мен Б.Назым көшелерінің қиылысының маңайындағы үйлердің бірінен шаруашылық жағдайындағы құрылыс жұмыстарын жүргізгенде 3 м тереңдіктен көне құмыра мен көзелердің сынығының табылуы және республикадағы тәжірибелі археолог, т.ғ.к. Д.Талеев мырзаның жорамалы бойынша Жаркент қаласы мен Шолақай ауылы арасында да ескі қала жұртының орны бар екендігін де айта кеткім келіп отыр. Менің өз жобалауымша көне Жаркенттің жұрты қазіргі қала тұрған жерден 5 – 10 шақырым шеңберлі қашықтықта орналасқан болуы керек.

Сондай маңызды тарихи нысанның бірі – **Түрген қорғаны**. Түрген қамал бекінісінің орны ауданымыздағы Үшарал ауылының солтүстік жағында 1,5 – 2 шақырым қашықтықтағы Жаркент – Сарөзек тас жолының бойында жатыр. Жалпы аумағы шамамен 15 – 20 га жерді құрайды. Айналыра сары топырақпен соқпа арқылы соғылған қамал қорғанының сыртқы дуалының қалыңдығы 2,5 м, биіктігі 3 – 4,5 м (қазіргісі), бұрындары әрине бұдан да биік болғаны белгілі. Дуал сыртында ені 6 м болатын ор қазылған, сірә бұл ор қорғаныс қажеттілігі мақсатында су толтыру үшін қазылған болуы керек. Сыртқы қабырғадан ішкі жағына қарай 10 м аралық бос, содан кейін ғана тұрғын үйлердің қабырғалары басталады, олардың қабырғасының қалыңдығы 70 см болатын соқпалар. Тұрғын үйлердің көпшілігі қамалдың Солтүстік бөлігінде орналасқан. Халықтық, бақша өсімдіктерін ауыз сумен қамтамасыз ету үшін арнайы қазылған тоғандар мен арықтардың орны бірден көзге ұрады, ал, бекіністің оңтүстік батыс жағы ашық алаңқайлы болып келген, бірақ тағы бір ерекшелігі ұзындығы 60 – 70 – 80 м, ені 30 – 36 м болып келетін ұзыныша тамдар осы бөлікте орналасқан. Тұрақ – жайлар қатар-қатар қоржын тамдар сияқты үлкенді – кішілі болып салынған. Бөлмелер көлемі 10x7, 8x7, 7x7, 5x7 м, тағы басқа әрқалай көлемді болып салынған. Тозған тамдардың мүжілген қанаттары, төмпешік болып үйілген қирандыларының жұрнақтары ғана қалған. Қорғанның қираған жұртынан өткен дәуірдің белгісі болып бізге жеткен қыш құмыралардың, шойын, темір, шыны ыдыстардың сынықтары көптеп кездеседі.

Осынау Түрген қорғанының сыртқы жағына тоқталар болсақ, оның шығыс және солтүстік жағы бір-біріне жалғасқан обаларға толы. Обалардың биіктігі 4 – 6 м, ені 10 – 12 м болып келеді. Менің өз тұжырымым бойынша бұл бейіттер б.з.б II – б.з. V ғасырларда өмір сүрген Үйсіндердің обасы болуы керек. Себебі, қазақ жеріндегі алғашқы тайпалық бірлестіктер құрған Үйсіндердің Отаны осы Жетісу болған-ды. Және де Үшарал ауылының біршама қариялары өздерінің бала күнінде қазір Қу, Тақыр аталатын осы маңайдан түрлі көлемдегі көптеген қыш құмыраларды, жармақ тиындарды (ортасы тесік мыс ақшалар) тауып алып ойнағандары аңыз етіп айтады. Көптеген обаларды түзетіп егістікке айналдыру кездерінде әртүрлі қыш ыдыстардың, тіпті сыйымдылығы 3 – 4 л болатын бүтін құмыра тауып алғанын, 1x1 м болатын қыш плиталарды, кейбір обалардан жер бетінде ашық қалған табыт бұрыштарынан түрлі – түсті қытайдың жібек маталарының қиындыларын көргенін әңгімелеп те берді.

Сөзімізді түйіндей келе, қорған қабырғасындағы топырақ арасынан өте ескі қыш ыдыстар сынығының кездесуі мен солтүстігі және шығысындағы обаларға жүгіне отырып, бұл қоныстың түп – тамыры үйсіндерден басталып, түркілік кезеңнен бері ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған байырғы, көне елді мекен болды деген тұжырымға тоқтадым. Әрине, бұл тек жорамал ғана,

соңғы нүктенің қойылуы тәжірибелі мамандар еншісінде. Аталмыш тарихи нысандар әлі де түпкілікті, жан-жақты зерттеуді қажет ететін дүние екендігі даусыз.

Иә, бұл тақырып бойынша тағы бір тарихи жәдігерге жүгінсек – ол **Ілебалық** қаласы туралы зерттеулер. Қала атауы 1254 жылы Жетісуды көктей тіліп өтіп монғолдардың астанасына барған армян патшасы I Гетумның (Гайтон) күнделігінде бар. Онда қала «Иланбалах» – деп жазылған, яғни, бұл сөз «Іле өзені өңіріндегі қала» деген, ұғымға саяды. Одан ерте кезеңде қалай аталғаны әзірге беймағлұм. Қаланың орналасқан нақты орны беймәлім, бірақ кейінгі кезеңдердегі Іле өзенінің оң жағалауына жасалған зерттеулер бұл қала орнының Жаркент қаласы мен Көктал ауылы аралығында орналасқан ортағасырлық қалашыққа сәйкес келетіндігін анықтаған. Бұл көне шаһардың ел игілігіне қызмет етіп өмір сүрген уақыты кейінгі деректер бойынша шамамен XI – XIV ғасырлар аралығын қамтиды.

Нақтылап айтсақ, қазіргі Үшарал ауылының солтүстік шығыс жақ іргесіндегі көне қала жұрты. Және бір айта кететін жағдай – мұнда шикі және бүйткен кірпіштердің, құмыра ыдыстардың, хумдардың (биіктігі 80 см, 1 м), әшекей бұйымдар мен қайрақ, диірмен тастарының т.б. қалдықтарының көптеп кездесуі. Оған қоса, Үшарал ауылының шығысындағы Қ.Тышқанбаев және Д.Рақышев көшелерінің қиылысында қыш ыдыстары сынықтарының көптеп кездесуі мен топырақ жамылғысының түр-түстік, құрамдық ерекшелігіне байланысты осы маңда сол бір көне дәуірлерде құмыра шығаратын өндіріс орны болған болуы керек деген жорамалға жетелейді. Қорғанның жалпы сипаты доға немесе садақ тәрізді, көлемі 1,5 шақырым аумақты құрайды. Айналыра топырақпен соғылған қабырғасының ені 2,5 метрдей, биіктігі 3 – 4 метрді құрайды. Дуал сыртынан шамамен ені 4 – 5 м болатын айналыра ор қазылғандығына қарап бұл тарихи нысанды да орта ғасырлық қорған қала болар деген тұжырымға келдім.

Оған дәлел ретінде аталмыш жерде (**Ілебалық қаласы**) жүргізілген археологиялық қазбалар барысында көптеген қыш құмыралар, түрлі әшекей заттармен қатар, үш жерден XIII – XV ғасырлардағы теңге сарайларда соғылған жалпы саны 123 дананы құрайтын монеталар (дирхам) қоймасының табылуы:

1-қойма: мыстан соғылып күміспен көмкерген Алмалықта (1252 – 1262 ж.ж.) соғылған 8 дана теңгелер.

2-қойма: Шағатай ұлысында (Қайду мемлекетінде) соғылған 7 дана күміс теңгелер.

3-қойма: XIV ғасырға жататын 40 күміс дирхамдар (740 – 1340 жылдар). Және табылған 37 дирхамның 36-сы Шағатай мемлекеті сарайында соғылған теңгелер болса, 1-еуі Абу Сайд Елханның соқтырған күміс теңгесі екендігі анықталды. Сондай-ақ, XI – XII ғасырлардағы Қарахан дәуіріне жататын 7 дирхамның Боғра ханның Тункент қаласында соғылған теңгесі екендігі мен қоса Қытайдың Солтүстік Сун династиясының 2 монетасы да табылғандығы анықталды.

Сонымен қатар көпшіліктің көңілін аудартқан үлкен жаңалықтың бірі осы Ілебалық қаласы орнын қазу кезінде XIII ғасырға жататын моншаның табылуы. Монша құрылысына: тас, топырақ, 40x40 күйдірілген плиткалар, қызыл кірпіштер мен алебастр, су ысытатын пеш (қаң) және кір суларды сыртқа шығаратын керамикалық құбырлар (қазіргі тілімізде – *канализация*) т.б. кеңінен қолданылған. Ілебалық қала жұртына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары қала маңында қыштан құмыра жасау цехтарының болғандығын, алтын, күміс теңгелердің (дирхемдер) табылуы халықаралық сауданың жан-жақты дамығандығын, сондай-ақ, көпшілікке арналған монша (XIII ғ.) мен діни рәсімдер қызметін атқарған ғибадатханалардың да болғандығын көрсетіп отыр.

Одан кейінгі жүргізілген тарихи ізденіс жұмысымыздың барысында Түрген қорғанының солтүстігіндегі «Үйсін обалары» мен Даңғырлақ, Өсек өзендерінің ескі арнасының аумағында, Ұлы Жібек жолы бойында бұрынғы ірі сауда орталығы қызметін атқарған Ілебалық, Жаркент қалаларының тарихи маңызын айқындауға жұмыстары әлі де жалғасуда. Бір қызығы қаншама ғасырлар өтсе де табылған қыш ыдыстардың, әшекейлердің сырланған бояуы, салынған түрлі өрнектері әлі жақсы сақталған. Қорғандардың қазіргі биіктігі 1,3 м – 1,8 м. Және бір ерекшелік: қыш құмыралардың өрнектері мен кірпіштердің жасалуы, күйдіру әдістерінің әлі де болса құпия болып қалуы арнайы мамандардың қатысуымен толыққанды зерттеу жұмыстарының жүргізілуі қажет

екендігін білдіреді. Басқаша айтқанда Жаркент өңірінің жәдігерлері «Жаркент», «Ілебалық», «Түрген» сияқты ежелгі қала – қорғандардан табылған заттай деректер – «археологиялық артефакт», «археологиялық мәдениет», «мәдениет ареалдары» деп қана емес, осынау тарихи-мәдени аймақтың рухани мәдениеттің құнды нысандары ретінде де бағалап қарастыруымыз қажет.

Сондай-ақ, ежелгі Жаркент өңіріндегі яғни, біздің туған жеріміздің өткеніне қатысты Үйсіндердің астанасы – **Шығу** (әзірге нақты орны белгісіз, Қорғас өзенінің жағасында болуы мүмкін), Моғолстан мемлекетінің орталығы болған – **Алмалық** (Қорғас өзенінің арғы бетінде, шамамен 25 шақырым жерде), – **Жаркент, Ақкент, Тышқан, Ілебалық** (Үшарал ауылының солтүстік – шығысы), **Дөңгене, Жыңғыл**, т.б. қалаларының қирандыларының бар екендігін айтсақ та жетіп жатыр. Білмейтіміз қаншама, осындай көптеген көне қалашық жұрттары қаншама тарихи құпияны бауырына бүгіп жатыр десеңізші. Және де бұл қала, кенттер мен қыстақтар тақыр жерде пайда болған жоқ, керісінше тұрғынғы елді мекендердің орнында ғасырлар бойғы біршілігін жалғап, заман ағымына сай гүлденіп, жанданып уақыты жеткенде түрлі себептермен (соғыс, табиғи апаттар т.б.) орынын ауыстырып, кейбірі топырақ көмген үйіндіге айналып отырған.

Енді, зерттеу барысында жинақталған нақты және жазба деректерге жасалған талдаулар нәтижесіне сүйене отырып төменде көрсетілген бірқатар ұсыныстарға кезек берілік:

1. Табиғи және мәдени ортаның тұтастығын сақтауда ерекше орын алатын Жаркент өңірінің тарихи-мәдени және табиғи мұраларының түрлері, таралу ерекшеліктері, қазіргі сақталу жағдайлары және оларды қорғау, қайта қалпына келтіру, ұтымды пайдалана отырып танымдық маңызы бар материалдық мұра ретінде жас ұрпақты өзінің ұлтын, жерін, тарихын қастерлеп, құрметтеуге тәрбиелеудегі алатын орнының ерекше екендігі;

2. Көне қалалар орындарының тарихи маңызын қызметтік тұрпаттау тұрғысынан жасалған талдаулар нәтижелері сақ, үйсін, түркі кезеңдері мен орта ғасырлардағы қала-қорғандармен қоныстар халықтардың рухани және әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін қызметтердің қайнар көзі болғандығы айқындалды;

3. Болашақ ұрпақты туған жер тарихы туралы тың деректермен сусындату және рухани жағынан дамуына ықпал ету мақсатында, атамекеннен табылған археологиялық ескерткіштерді, құнды мәліметтерді мектеп оқулықтарына енгізуге, ғылыми айналымға қосуға арнайы маман, профессор, академик ғалымдарымызды тартып, олардың қолдауына жүгіну қажеттілігі кезек күттірмейтін мәселе екендігі. Және бұл бағытта алғашқы қадам жасалды, мәселен оған дәлел ретінде: **(11-12 мамыр 2018 жыл, «Алматы» Қазақ университетінен бұсылып зерттеу) «Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: шығу, түсіну және сақтау мәселелері» атты «Х Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары** атты жинаққа, менің **«Жаркент өңірінің ежелгі қалалары»** тақырыбындағы мақаламның жариялануын атап өтуіме болады.

4. Жаркент жеріндегі тарихи орындар саналатын сақ, үйсін, түркі кезеңдерінде сауданың және мәдениет алмасуда қомақты қызметін атқарған тарихи-археологиялық ескерткіштерді мұражайға орналастырып, арнайы туризмнің нысаны ретінде пайдалану мен аталмыш мәдени мұра нысандарын қорғаудың құқықтық астары ретінде бір жолға қойыла екен деген ниеттеміз. Және ерте дәуір кезеңдерінің қоныстары мен қорғандарында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу нәтижесінде табылған жәдігерлерді жарнамалау, оған шетелдік және отандық туристерді тарту арқылы еліміздің туризм саласын дамытуға қолайлы екендігіне де назар аудартқымыз келеді;

5. Ұлы Жібек жолы бойындағы тау алды жазықтарда орын тепкен тарихи нысандар қалалар мен қыстақ, қоныстардан табылған материалдық мұраларды сақтау үшін мемлекеттік тарихи-өлкетану және табиғи мұражайлар ашумен қатар ЮНЕСКО-ның Бүкіл дүниежүзілік мәдени мұралары тізіміне енгізудің қажеттілігі уақыт талабы деген тұжырыммен өз сөзімді аяқтаймын.

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Тарих ғылымдарының магистрі,
Жаркент қаласы.

(Басы 1-бетте)

Осы арада аса мән беретін бір жағдай бар: атасын Іледе қуып жеткенмен, Райымбекті Хангелді бәрібір ертпейді, ел ішінде қалдырып кетеді. Неге? Әдейілеп артынан қуып жеткен жаужүрек немере ел ішінде қалуға қалайша көне қойды?

Оған, меніңше, бір ғана жауап бар: ақылды бала атасының айтқанын қапысыз түсінген болу керек. Ал атасы не деуі мүмкін? «Жиырма жылдан астам уақыт қызымызды күң, ұлымызды құл еткен қалмақ атамекенімізден әлі кеткен жоқ. Мен жау әскерін қуалап жауынгерлермен бірге кетіп барам. Сен де менімен бірге кетсең, өз жерімізде қызымыз күң, ұлымыз құл боп әлі жау қолында қала бермей ме? Ел ішіндегі өзін қатарлы ер-жігіттерді жина! Бәрің бірігіп қалмақтарды туған жерімізден қуындар!» - деген шығар-ау деп шамалаймын. Батыр немере одан басқа жеңіл-желпі уәзге тоқтай қоймаса керек.

Бала күнінен өзін баулыған атасын Райымбек бұл жолы да түсініп тыңдаған секілді. Қабылбек ақсақалдың жинаған дерегіне қарағанда, ол кезде «Ұлы жүзде жүз он батыр бар еді». «Осы батырлар бастап Райымбекті бүгіннен бастап қолбасшы етуді қабылдады» (сонда, 113-бет). Мұны, меніңше, ол



РАЙЫМБЕК БАТЫРДЫҢ

кезде батыр көп еді, бірақ бәрі Райымбекті таңдады деген мағынада ғана түсінген дұрыс.

Қалмақ жаулап алған жерде өмір сүріп жатқан қазақ жігіттерінің басын біріктіріп жасақ құруы - Райымбек батырдың нағыз баға жетпес қызметі.

Райымбек - тайпа мен рудың мүддесінен биік тұрған және бүкіл тіршілігін жалпы қазақтың азаттығына арнаған батыр. Қазақ елі, қазақ жері деген биік ұғымға ғана бас иген. Оның әрбір шайқасы - қалмақтың табаны таптаған қазақ жері мен қалмақ қолында азап шегіп жатқан бауырларын азат етуге ғана арналған.

Райымбек құрған әскери жасақ - ел басқарып отырған ханның да, бидің де бұйрығымен емес, тек Райымбектің өз шешімімен және әркімнің елсүйгіш ниетімен бас құраған жасақ. Оның әскери құрамасына Жетісу аймағының шығыс өңірін жайлаған жалайыр, албан, суан, дулат, шанышқылы сияқты біраз қазақ тайпасының жас батырлары, тіпті қалмақтың өз адамдары да біріккен.

Райымбек жасағы ат-көлікті өздері тауып мініп, қару-жарақты тек өздері жасап, өздері тауып қаруланған. Алғаш бас құрағанда олар мінерге ат, ұстарға қару таппай да қиналған. Райымбек қолының ең басты әрі ең маңызды ерлігі - Іленің сол жақ бетінде Түргеннен Сүмбе мен Қалжатқа дейінгі, оң жағында Алтынемел мен Қоғалыдан Қорғасқа дейінгі еліміздің шығыс шегарасын қалмақтардан тазартуы әрі сол шегараны олармен келісе отырып белгілеуі.

Бұл, шындығында, мемлекеттік мәні бар миссия. 1881-жылғы Петербор келісімі бойынша Іленің сол жағында Сүмбе мен Қалжатқа, оң жағында Қорғасқа дейін қазаққа қараған жер Райымбек бабамыз он сегізінші ғасырда белгілеген шегарамен бірдей. Бұл - оның ерлігі мен көрегендігінің ең игілікті мұрасы. Бұрынғы екі үйездің, қазіргі үлкен-үлкен бес ауданның жерін жаудан азат етуі - оның мәңгі ұмытылмайтын ерлігі.

Соншама ұшан-теңіз ерлік пен жеңіске қол жеткізген Райымбек батырдың оң қолы саналған

адамның бірі - жүзбасы жалайыр Бақай батыр. Мықтыбек деген бидің баласы. Оның жасы Райымбектен біраз үлкен болса керек. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында оның туған-өлген жылы 1703-1802 деп көрсетіліпті. Оның дәлдігін білмеймін, бірақ ұзақ жасағаны рас болса керек, себебі Қ.Сауранбаев ақсақалдың жинаған деректерінде ол Төреханның қамалын алған кездегі жарақаттың зардабынан Райымбек қайтыс боларда оны үйден көтеріп шығарып, үйге көтеріп кіргізген адамның бірі болған көрінеді. Қазақ ондай сыйластықты қанды көйлек достар деп бағалаған.

Мөкен Болысұлы жинаған «Райымбек батыр» дастанында: «Райымбек батыр қазақ сарбаздарын үшке бөлді. Бірінші Бақай батырды Алатаудың оңтүстік жағын тазалап шығып, Шөладырдан табысуға уәде жасады», - дейді де, ол жаудан тазалаған жерлерді атап-атап жырға қосады:

- Бақай батыр жөнелді,
Түргенді басып Асыға,..
Тінту салып келді,
Сай-саланың тасына...
Қашқан қалмақ соңынан
Малын жиып тағы алды,
Далашықтың жолынан.
Қалмақ тынбай жөнелді,
Таушілікті сағалап,
Қашып келед тоқтамай,
Үш Меркені сағалап...
Өте шықты Бақай да
Қарқараны сағалап.
Тоқтамай қалмақ қашыпты,
Шұбарталды бұл басып,
Шөладырдың тауында
Бақай да кеп қосылды,
Райымбекке ұласып.
(М.Әуезов ат. Әджөни, 813-папка, 4-дәптер).

Мен бұл өлең жолдарында шындық бар деп есептеймін. Өйткені 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісін бастаушылардың бірі Серікбай Қанайұлы

Бақай болысы деп осы батырдың атымен аталатын Асы мен Түргенді жайлаған қызылбөрік руының болысы болған. Жалайыр тайпасының батырына албан тайпасының құрмет қылып, оған өз болыстығының атын беруі - өте үлгілі және қатты бағалайтын әрі тарихи да, тәрбиелік те маңызы зор іс. Батырдың асқан ерлігіне сүйсінген, соны қадірлеген елдің үлкен ілтипаты болмаса, өйтіп ел-жұрт болыстықтың атын оған бере салмаса керек. Өткен ғасырдың жиырмашы жылдары үйез таратылып, аудан құрылуына байланысты, Верный үйезіне қарасты Бақай болыстығы да жойылды. Өкінішке қарай, содан бері Бақай батырдың аты да, ерлігі де көмескіленіп, бірте-бірте ұрпақтар жадынан шығып бара жатыр. Жетісуда Бақай деген жер аты сақталғанын албан шежіресінен байқадым. «Айдос атамыз екі жерде мекендеп жүрді. Бақайдың астында, жартысы Сүгір сайында», - деп жазылған онда («Бәйдібек баба - алып бәйтерек». Алматы, 2003. 1236-бет). Талғардың басындағы Бақайтау аталатын жер батырдың үлесіне берілгенін Қ.Сауранбаев та айтады. Бақай - Жаркент пен Көкталдың ортасындағы қалмақтың Төрехан атты басшысы орналасқан қамалды шабуылдау кезінде үлкен ерлік көрсетіп, Райымбек бір қақпаны алғанда, екінші қақпаны шабуылдаған жанкешті батыры әрі сенімді серігі болған адам. Сол соғыста Райымбек батырдың біраз серігі қаза тауып, біразы жараланған. Өйткені қалмақтар мықты қамалға бекінсе, қазақтар оны атпен ашық даладан келіп шабуылдаған. Қалмақтардың қару-жарағы мен оқ-дәрісін сақтаған мықты бекіністі алу кезінде Райымбектің өзі жамбасынан ауыр жарақат алып, Бақай да шайқастан жарадар болып шыққан. Ол соғыс - Райымбектің қалмақтармен ең шешуші әрі ең соңғы соғысы. Жеңілген, қашып зорға құтылған Төрехан Қорғасқа дейінгі жерді қазаққа босатып беруге келіскен (Т.Қауыпбайұлы, 2-том, 157, 159-бет). Ол қорған ертеде Түргенкент, беріректе Түрген тоғай аталатын. Ол қорғанның қираған қалдығы Алматы - Қорғас күре жолының бойында, Үшарал ауылының желкесінде әлі күнге көрнеу жатыр. 1856 жылы Қашғарға өткен сапарында Шоқан дүрбі салып алыстан көріп, осы Түргенкент туралы күнделігіне біраз нәрсе жазып кеткен («Собрание сочинений в пяти томах». Алматы. 1662. 2-том, 21-бет). Ең өкініштісі - жол үстінде жатқан бұл қамалдың еш жерінде Райымбекке де, Бақайға да, басқа батырларға да қатысты ешқандай белгі жоқ. Бүгінгі ұрпақ бұл қамалдың өз бабаларына қатысты тарихын білмейді.

Райымбекке сенімді серік болған екінші бір адам - Суан Аралбай батыр. Кенен атамыздың: «Суаннан Сатай, Бөлек, Аралбайлар,

Қабандай күркіреген талайлар бар», - деп жырына қосқан Аралбай батыры. 1733 жылғы ұлы жүз қазақтарының орысқа бодан боламыз деген хатын тасушының бірі болғанына қарағанда, ол да Райымбектен біраз жас үлкен. Қорын ханға қарсы алғашқы соғысынан бастап-ақ Райымбектің қасында болған. Ол ізші, тас қараңғы түнде де адаспай жол табатын адам болған деседі. Жалаңаш, Үш Меркіні билеген Ағанас хан мен Көміршіні жайлаған Арыс ханмен Райымбек келісім жасағанда, ол өзге серіктерімен бірге оның қасында болған. Б.Мөкенұлы «Райымбек батыр» дастанында Райымбекке: «Олай болса, Аралбай батырдың тобын алып Құмбелге шығып, Шалкөде басы



қайталық», - дегізгеніне қарағанда, ол - оның жүзбасы болған батыр (Т.Қауынбайұлы, 2008. 2-том. 204-бет). Іленің оң жағалауын жайлаған суан жұрты Райымбектің Сатай, Бөлек секілді серіктерін ежелден білгенмен, Аралбай батырдың ерлігін егжей-тегжейлі біле бермейді. Оның себебі Райымбек Алматының шығысында Албансайда (бұрынғы Юбилейный ауылы) тұса, Аралбай содан кейінгі Суансайда (қазіргі Кеңсай) туғандықтан болар деп ойлаймын. Бақай батыр Талғардың бас жағын мекен қылған деседі. Олай болса, ауылдары көрші болғандықтан, бұл үш батыр бір-бірін бала күндерінен біліп өскен деуге болады.

Райымбектің тағы бір аса сенімді серігі - жалайыр Қапай батыр. Бақай, Қапай екеуінің аттары ұйқас келгенмен, олардың ағайындығы жайында шежіреден еш дерек табылмады. Ғалым Қадырбек Жүнісбаев Қапай батырдың аты Мәскеу мұрағатында 1733 жылы жазылған хатта бар екенін кезінде «Лениншіл жас» газетіне жазған-ды (12.05.1963). Қорын ханмен келісім жасарда қасына ертіп барғанына қарағанда, Райымбек Қапайды қатты бағалаған және оған ең маңызды істерді тапсырған. Түрген қамалына шабуыл жасар алдында Қапай батыр Төреханның туған інісін және сенімді деген бірнеше серігін тұтқынға түсіріп, қалмақтардың

СЕРІКТЕРІ

әскери жай-күйін алдын ала біліп алады. Қамалды шабуылдаған кезде қатты қайрат көрсетіп, жеңіске жетуге көп көмек жасаған. Кейін өзі тұтқынға алған Төреханның інісінен басқа қалмақтар қазақ болып, Қапайдың туыстары саналып, жалайыр тайпасына сіңіп кетеді.

Азаттық соғысында Райымбектің қасынан табылған хас батырдың бірі - Суан Сатай батыр. Қазақ батырларын Арыс хан мен Ағанас хан Көртоғайға келісім жиынына шақырып: «Райымбек батырдың өзі неге келмеді?» - деп сұрағанда, қазақ батырларының атынан Сатайдың жауап беруі оның сыйлы батыр ғана емес, жасы үлкен болғанын да білдірсе керек (Т.Қауынбайұлы, 2-том, 130-бет). Райымбек қолы Түрген қамалын аларда Сатай батыр өз жасағын бастап кеп соғысып, жеңістен кейін Өсек өзенінен Қорғасқа дейінгі аралықтан өріс алады (сонда, 162-бет). Қазіргі Сартау, Сарыбел, Бұрхан, Жаркент, Шежін, Алмалы, Ойжайлау, Басқұншы, Қорғас жерлерін жаудан тазарту кезінде Сатай батыр - айрықша ерлік көрсеткен адам. Қ.Сауранбаев 1922-жылы сөйлескен Әділбек Сатайдың неменесі болып келеді: Сатайдан: 1. Әбдікер - 2. Есіркеп - 3. Жанбау - 4. Кезеңқара - 5. Әділбек - 6. Бершімбек - 7. Иманғазы - 8. Сыламхан - 9. Сылам ханның баласы. «Әділбек Кезеңқара баласы өз заманында ауқатты, өте бай адам болған... Бұл кісінің тағы бір ерекшелігі бүткіл Суан шежіресін жатқа білетін адам болған» (Суан шежіре. Алматы. 2000 ж. 90, 106-бет).

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұрпақтары Сарыбел ауылында Сатай батырға ескерткіш қойды. Жаркент үйезі тарағанға дейін оның құрамында Сатай болысы болды.

Аты Сатай батырмен қосарлана аталатын суан тайпасынан шыққан Бөлек батыр да Райымбекпен қол біріктіріп соғысқан адам. 1733 жылғы ұлы жүз хатына Хангелдімен бірге қол қойған бұл Бөлек емес, шапырашты Бөлек екенінде дау болмаса керек. Себебі ол кезде суан Бөлек төрт жасар ғана бала. Ал Бөлек Қараұлы Сатай немересі - Аңырақай шайқасында қалмақтың бас батыры Аңғырақты бірінші жекпе-жекте жеңіп, атағы бүкіл Жетісуда шалқып тұрған батыр. Сондай батыр болсын деп, 1729 жылы туған суан баласының атын Бөлек қойған болуы мүмкін. Өйткені Қазыбек бектің жазғанына қарағанда, Абылай 1757 жылы жеңіс тойын жасағанда және оның қарсаңындағы ұрыста суанның жас биі Бөлек батыр біраз қызбалық танытады («Түп-тұқыаннан...» Алматы. 1993. 370-бет). Ал Бөлекті зерттеуші Тұрдақын Құдайқұлов: «Айбике анамыз: «Бұл - Бөргелтайдан қалған соңғы ұрпақ. Сондықтан бұл баланың жөні бөлек, аты Бөлек болсын», - деп өзі қойыпты», - дейді («Жетісу». 07.07.2001). Қ.Сауранбаев ақсақал Райымбек батырларының қатарында Бөлек батырдың да бар екенін жалпылай айтқанмен, оның ерліктерін таратпайды. Өйткені ол кісі Бөлек батырдың ерлігін білетіндей суан тайпасының адамымен жолықпаған және ол жайлы әдейілеп сұрастырмаған. Ал Бөлек - Алтынемелден Өсек өзенінің бойына дейінгі аралықта жатқан қазақ даласын жау қолынан азат етуде айрықша үлес қосқан, жасақ жинап жауға шапқан батыр. Райымбек батырдың шайқастарына қатысқаны, Суанның Бәйтүгейден таратын ұрпақтарына Сатай басқарса, Бөлек Тоғарыстан ұрпақтарына басшы болған. Батырлығын бағалаған ел оны жастығына қарамастан би сайлаған. Райымбек Қорын ханды

шапқанда, Сатай мен Бөлек қолы Бұғыты мен Тастықара маңайынан қалмақтарды қуып шығуға қатысқан. Қазақтың біріккен қолы Түрген қамалын алғаннан кейін ол өзіне қазіргі Қоңырөлең аймағын өріс қылған. Ұрпақтары қазір де сол арада тұрады. Жаркент қаласының орталық бағында Бөлек батырға орнатылған ескерткіш бар. Шежіре деректерін салыстыра қарасақ, Сатай, Бөлек, Райымбек батырлардың қазір 8, 9 - ұрпақтары өмір сүріп жатыр. Демек, олардың жас шамасы бір-бірінен оншалық алшақ болмаған. Оның тұңғышы Жауғаш жайында Т.Құдайқұлов былай дейді: «Жоңғар шапқыншылығы кезінде «Ойрантөбе қырғыны» деп тарихта аты қалған жер бар... Міне, осы соғыста жауын қашырып, жеңіске жетіп, мерейі үстем болған Бөлек ауылына келсе, әйелі босанып ұл тауып отыр екен. Оған ерекше қуанған Бөлек: «Мен жауды жеңіп, оны қашырған күні туған ұлымның аты Жауқаш болсын», - деп атын қойыпты», - дейді (сонда).

Қ.Сауранбаев жазбасында аты-жөні ауысып айтылған бір батыр бар, ол - Шанышқылы Қожамберді батыр. «Күншығыс жақтағы Сарықамысты өрлеп екі жақты айналып, шанышқылы Қожамберді батыр да барлық жауынгерлерімен жол бойы дұшпандарын тазалап, аман-сау олжасымен осы соғысқа келіп қатысты», - деп отырған Қабылбек ағамыз (сонда, 127-бет) Түрген қамалын қазақ қолы шапқан кезде оны Бердіқожа батыр деп жаңылыс атап жібереді (сонда, 155-бет). Алайда шанышқылыдан шыққан

Биекенің шын мәнінде тарихи тұлға екенін шежіре өстіп дәлелдей түседі.

Шежіредегі Сатыдан - Өтеп - 1. Шынтемір - 2. Мәнжі - 3. Уса - 4. Бапақ - 5. Ақбай - 6. Қаймолда - 7. Боранбай - 8. Сұлтанмұрат - 9. Қанат дегенге қарап, бұл Өтептің Райымбекпен тұстас өмір сүрген Өтеп екенін аңғаруға болады (сонда, 978- бет). «Қаракісі - Бозымұлы Жаншықтың немересі... Батырдың дәл қай жерде туғанын ешкім білмейді... Ал өлген жері - қазіргі Асы жайлауының түбіндегі Қатыншат аңғарының аузындағы Бартоғай су қоймасының жағасы. Зираты Бартоғайдан шығатын үлкен қара жолдың оң жағындағы қапталында. 1747- жылы маусым айында Аласа мен Бұғыты тауының ортасындағы Көкбек жазығында қалмақтармен өткен қанды шайқаста майдан алаңында ішінен мылтық оғы тиіп, жарық дүниеден... сапар шеккен... Ел жүрегіне жазылған тарихта «Ойрантөбе» деген аты бар», - дегенді (сонда, 1202-бет) оқып, Райымбек шайқастарына қатысқан талай батырдың зерттелмей жатқанын қынжыла шамалайсың. Себебі біз оның бәлен жылдық, түген жылдық тойын атқарып жатқанымызбен, өмірі мен ерлігін өтіріктен тазалап жатқанымыз жоқ.

Қарап отырсақ, өзіне серік болған батырдың бәрі Райымбектен бірер жас болса да үлкен болған. Ақылдасқанда, оның үнемі өз сөзін: «Ағалар!» - деп бастайтыны да соны аңғартады. Алайда өздерінен кіші болса да, барлық батыр оның қолбасшы болғанын қалаған. Неге? Өйткені өжеттігі, тапқырлығы өз алдына, ол ақыл-парасатымен де, ұйымдастырғыш қабілетімен де ерекшеленген. Оның айрықша әдептілігін, адалдығы мен дүниеге қызықпайтын



атақты Бердіқожа батырды жаркенттік шанышқылы Қожамбердімен Қабекең шатастырып алса да, біз өйтіп шатастырмауымыз керек.

Райымбек шайқастарына бастан-аяқ қатысқан адамның бірі - албан Ырыскелді батыр. Қ.Сауранбаев ақсақал оның ерліктеріне арнайы тоқталмаған. Өйткені ол кісі негізінен Райымбектің ғана ерлігі жайында мәлімет жинауды мақсат еткен. Бірақ Ырыскелді мен Аралбай батырдың ұлы жүз қазақтарының хатын патшаға жеткізуші болғанын, ондай батырдың өмірде болғанын тарих куәлеп берді. Албан тайпасының шежіресінде: «Ырыскелді Шабар батырға еншілес болған. Ол да батыр екен. Шабар өз туын Ырыскелді батырға қалдырған делінеді», - деп жазылған («Бәйдібек - алып бәйтерек». Алматы, 2003. 449-бет). Демек, оның ерлігін бүгінгі ұрпақ ұмытпаған.

Райымбектің жауынгер серіктерін түгендеп зерттеу, шынын айтқанда, қазір мешеу халде. Қ.Сауранбаев дерегінде айтылатын Биеке, Тілеуке, Ерлес, Барақ, Өтеп, Ақбас батырлардың кім екенін даралап зерттеу - әлі алда тұрған мәселе. Қабекең қамтымаған кей жағдай Албан шежіресінде айтылған. Мәселен, онда: «Төлесұлы Биеке батыр бес әйел алып, олардан туған балалар төмендегідей тарайды» (сонда, 394-бет), «Биеке батыр жиені Райымбек батырды шақырып алып»,... «Биеке Төлесұлы қазіргі Алматы облысы, (Панфилов) Жаркент ауданы Алтынемел тауына жерленген»,... «Биеке батыр (1656 - 1757)», .. - делінген (сонда, 453, 454-бет).

жомарттығын; тура жүріп, тура сөйлейтін көсемдігін бәрі бағалаған және мойындаған. Мәселен, Секер ханмен шайқастан соң, қалмақтардан түскен олжаны бөлгенде, бас қолбасшы Райымбекке 375 жылқы; Арыс ханды жеңген соң, 400-ден артық бас; Төреханды жеңген соң, 400-ден астам жылқы тиесі болады. Бірақ ол бұл жүлкеден бірде-бір мал алмай, бәрін шайқасқа қатысқан немесе шайқаста қаза тапқандардың отбасына, мүгедектер мен кедей-кепшікке бөліп бергізеді (сонда, 133, 143, 161 - бет). Оның осындай адалдығы мен адамгершілігін бәрі бағалаған. Сондықтан Райымбек жайындағы тарихқа дүңғаза сөзбен емес, ақ-қараны ажырататын көзбен ңңу керек. Және кейбіреулерше Райымбектің атын шығарам, атағын аспандатам деп тыраштанудың түкке қажеті жоқ, өйткені ол өлместей атағын бізсіз-ақ өзі шығарып кеткен.

Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері.



Был қазақтың тұңғыш кәсіпқой суретшісі, Европалық бейнелеу өнеріндегі кескіндеменің ұлттық үлгісін қалыптастырған тұлға-талант Әбілхан Қастеевтің туғанына 115 жыл толып отыр.

Иә, бұл кісі сияқты бүкіл бір елдің өнерінің бастау көзі болған тұлғаның ұлылығын әрбір 5-10 жылда ұлықтап отыру ұлттық сана мен болашақ ұрпақтың «мен қазақпын» деп әлемге тіке қарайтын мүмкіндігі үшін қажет. Ол үшін көп дүниенің керегі де шамалы. Ә.Қастеевке арнап ақпараттық технология заманында республикалық бір үлкен көрме-конкурс өткізіп, оны сол технология арқылы жарнамалап, соңынан ғылыми кеңестер мен кездесулер болып жатса әлем өзі-ақ Қастеевке бағасын беріп, осындай суретшісі болған ел құрметке лайық дейтініне мен кәміл сенемін.

Енді міне 2019 жылдың наурыздың да тойлады. Алдын ала түңілмей-ақ қоялық, әлі уақыт бар ғой. Осы арада Ә.Қастеевтің 100-жылдық мерейтойын 2004 жылы өткізудегі сәті түскен бірнеше іс-шаралардың басы-қасында болған қарапайым қызметкерлер мен белгілі тұлғалардың азаматтығын еске алып, «жақсының жақсылығын айт - нұры тасысын» демекші, басқаға үлгі де болар деген үмітпен баян еткім келеді.

Біріншіден, ұйымдастыру жұмыстарының бәрін өз мойнына алған музей қызметкерлері болды. Сол жылғы мерейтойдың ұлағатты шаралары мол болғанын атап кету керек. Солардың ішінде суретші атындағы музейдің алдына көркем-монументалдық сипаты, образдық шешімімен үйлесім тапқан тамаша ескерткіштің қойылуы - жалпы елімізде суретшіге арналған алғашқы ауқымды белгі болды.

Ә.Қастеевтің шығармаларының мерейтойлық альбомынан басқа толық ғылыми каталогінің ЮНЕСКО-ның қаржылай қолдауымен басылым көріуі де музей өміріндегі жаңалық еді.

Тағы бір ерекше шара ол - халықаралық ғылыми конференция өтіп, оған оншақты шет елдерден белгілі ғалымдар қатынасып, материалдарының жинақ болып басылып шығуы болды.

Жалпы, жыл бойы өткен шаралардың саны да, сапасы да жоғары, затына сай болды дей аламыз. Өйткені оның бәрі үкіметтің 2003 жылға 18 маусымындағы арнайы қаулысымен бекітілген және осыған қатысы бар барлық азаматтар мен музей қызметкерлерінің қажырлы еңбегінің жемісі деген дұрыс болар. Себебі, музей бұл дайындықты 2002 жылдан бастаған болатын.

Әрине, мұндай үлкен істің ұйымдастырылуы, дайындығы, өткізілуі деген сияқты көп салалы, сан қырлы амалдарының арасында жеке адамдардың іскерлігі мен пайым-парасаты да қомақты рөл атқарып жатады ғой. Олар кейде көзге көрінсе, кейде ескерілмей, күнделікті шаруа дәрежесінде қалып қояды. Тіпті есімі әлемге әйгілі азаматтарымыздың шапағаты тиген сәттер де қапы қалып жатады. Сондай бір орайы келген мерейтойлық шаруалардың басы-қасында болған адамдар жайлы естелік айтудың жөні келіп тұрған сияқты. Бұл Ә.Қастеевтің 100 жылдығын ЮНЕСКО-ның атаулы даталар күнтізбесіне енгізіп, халықаралық деңгейде атап өтуді іске асыруға байланысты жағдай еді.

Музей өз тарапынан осы ұсынысын Мәдениет комитетінің төрағасы (ол кезде мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі) Б.Тілеухан мырзаның атына хат арқылы жолдап, қолдау көрсетуді сұрадық. Дәл сол кезде ҚР Білім және ғылым министрлігі де академик Марғұланның мерейтойлық шараларын ЮНЕСКО-ға ұсынып жатқан.

Бекболат Қанайұлына біздің ұсыныстарымыздың негізі дұрыс боп көрінгенге ұқсайды, алдына барғанымызда «министрмен ақылдасамыз» деп мені шығарып салды.

Ендігі жерде әкімшілік этика бойынша Мәдениет министрлігінің ұсыныс хаты Сыртқы істер министрлігіне түсуі

Ә.ҚАСТЕЕВТІҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ ЮНЕСКОДА ҚАЛАЙ ӨТТІ

немесе «бітер істің басына, жақсы келер қасына»



керек еді де, олар республика атынан ЮНЕСКО-ға жолдайды. Міне осындай бір әкімшілік әрекеттердің арасында бір жапырақ қағаздың жоғалып кететінін білгендіктен қадағалап отыруды жөн көрдік. Оншақты күн өткеннен кейін сұрасақ өз министрлігіміз жібердік дейді, Сыртқы істер министрлігінің ЮНЕСКО ісін жүргізетін бөлім алғамыз жоқ дейді. Өстіп телефон арқылы байланысып жүргенде екі айдың жүзі болып кетті. «Жақсыға пара бергенше бара бер» деген халқымыздың нақыл сөзі есіме түсе қалып Астанаға министрлікке барып келейін деп тартып кеттім. ЮНЕСКО істері бөліміне кірсем 3-4 қыз отыр екен, кім екенімді айтып едім, «аға, сізбен телефон арқылы сөйлескен мен едім, министрлігіңізден хат әлі жоқ», - деді. Сол сәттегі менің түрімді көріп аяп кетті ғой деймін, «біз былай істейік, ЮНЕСКО-ға министрлік жазды ма, музей жазды ма бәрібір, оларға тек нақты негізделген ұсыныс қана керек. Сондықтан Сіз ағылшын және орыс тілінде сол ұсынысты жазып алып келіңіз. Біз оны Парижге жібере саламыз», - демесі бар ма. Мәселенің бұлай күрт өзгеріп, оп-оңай болғанына сенер-сенбесімді білмей аңтарылып қалғаным жаңағы қыз «аға, қорықпаңыз, бәрі дұрыс болады», - деп күлімсірегенде періште осындай болады екен ғой деген ой келіп, есімді жиып, рахмет айтуға шамам келді. Сол «періште» қыздың айтқанындай екі тілде жазылған ұсыныс хатымызды негіздемесімен қоса сыртқы істер министрлігінің ЮНЕСКО істері бөлімі бір жетіден кейін ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтеріне жолдап жіберді. Көп кешікпей бір айдан аса уақытта Парижден хабар да келді. Түскен ұсыныстарды қараған комиссия Ә.Қастеевтің 100-жылдық мерейтойын ЮНЕСКО-ның атаулы даталар күнтізбесіне енгізуге лайықты деп тауып, Парижде өткізілетін уақытын да белгілепті. Сөйтіп бұл мәселе осылай шешімін тауып кетті.

Ақылыңнан айналайын, періште қыз, сен болмасаң Ә.Қастеевтің 100-жылдығы ЮНЕСКО-да атап өтілмей қалатынына дау жоқ еді. Бір өкініштісі, сол қыздың аты есімде қалмапты, осы әңгімеді оқып, сол қыз мен едім, - деп жатса, тағы да менен, ел-жұрттан, Ә.Қастеев аруағынан мың алғыс!

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» деп халқым бекер айтпаған екен. Ә.Қастеевтің 100-жылдық мерейтойын өткізу барысында аяқ астынан

неше түрлі кедергілер пайда болып, олардан ұшатын кілемге отырғандай қалқып шыға келген сәттер болғанын еске алсақ, Ә.Қастеев құдайдың сүйген құлы екенінде дау жоқ сияқты. Оған орасан талантпен қоса өнеріне өшпес ғұмыр беріп, осы бір қазақ табиғатына тағылау сурет өнерінің тұңғышы етіп жаратуы да пендеге берген үлкен сый емес пе?!

Сондай бір туа қалған қиыншылықтың бірінен шығуға Олжас Сүлейменовтың шапағаты тигенін айтпаса болмас деп ойлады. Ол былай болған еді: ЮНЕСКО-ның атаулы даталар күнтізбесіне енгеннен кейін негізгі іс-шараның бірі, ол - ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Ә.Қастеевтің шығармаларының жеке көрмесін өткізу болатын. ҚР Сыртқы істер министрлігінің вице-министрі А.Волковтың мәдениет министрлігіне жіберген хатында 2004 жылдың қазан айының 26-нан қарашаның 10-на дейін Парижде өтетін көрменің экспонаттары 22 қазанға дейін жеткізіліп, көрсетілетін қызметтердің төлем ақысын қарастырыңыздар делінген, сонымен қатар көрменің салтанатты ашылуын ЮНЕСКО-ның Бас директоры К.Мацуура мырза өзі басқаратын болғандықтан Қазақстан жағынан келетін делегацияның лауазымдық тізімін, сөз алатындардың аты-жөнін хабарлауды өтінген еді. Қасқасы, Сыртқы істер министрлігі өз жағынан жағдайды қадағалап, ескертулерін жасап жатты. Біз болсақ музейде, әрбір келген хатты оқыған сайын жүрек қағысымыз жиілеп, дайындап қойған суреттердің жәшігін қайта-қайта тексеріп, министрліктен бұйрық күтіп жүрміз.

Парижде бұрын да М.Әуезовтың 100-жылдығына, Абайдың 150-жылдығына қолданбалы өнер экспонаттарының көрмесін кішігірім залдарда өткізгенбіз. Басқа шет елдерге де көрме апарып, біраз жинаған тәжірибеміз де бар. Бірақ мына көрменің жөні бөлек, себебі, бұл жеке көрме, көлемді, қалай қабылданады, кім не дейді деген сияқты түйткілдер көп. Бәрінен бұрын уақыттың зымырап өтіп бара жатқандығында, әнеміне дегенше қазан айы да келіп қалды, енді 15 күннен кейін көрме экспонаттары ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде болуы тиіс.

Сол арада жоғары жақта тағы да ауыс-күйіс болып, енді біздің тағдырымыз басқа кісінің құзырына көшіпті деп естідік. Париждегі көрмеге Бірғаным Әйтимова деген кісі барады екен деген хабар келгеннен нақты қашан баратынымыз әлі белгісіз боп

тұрды. Енді қалған 10-15 күнде апаратын жүктің кедендік құжаттарын жасау, виза алу, ұшақтың билеті де жоқ екенін ойлағанда тығырыққа тірелгенімізді сезіп, қанымыз суығандай болады.

Осындай бір шарасыз сәтте отырғанымызда музейде ашылайын деп жатқан марқұм М.Қисамединовтің көрмесіне Олжас Омарұлы Сүлейменовтің келе қалғаны бар емес пе. Ол кісі сол ЮНЕСКО-ның қазақстандық елшісі еді ғой. Іздегенге сұраған, көрмені ашып, Олжекенді сөйлетіп, экспозицияны аралап шыққаннан кейін кабинетке келіп жағдайды айтып, халықаралық әлеуметтің алдында ұятқа қалатын жағдайға келіп тұрғанымызды жеткізіп бақтым. Олжекен жағдайымыздың мүшкіл екенін бірден түсінді де, қорықпаңдар, мәселені шешеміз деп, бір-екі орысша «жақсы» сөздерді айтты да ертең Астанаға ұшамын деді. Салмақтап сөйлегеніне сенбеу қиын еді. Солай болды да.

Үшінші күн дегенде Астанадан дауылдан бетер екпінді бұйрық келіп, астан-кестен болдық. Неден бастарымызды білмей абдырап қалған біздерге министрліктің халықаралық жобалар өткізу дирекциясының басшысы Арыстанбек Мұхамедидұлы өзі көмекке келіп, қысқасы бір жетінің ішінде жаңағы жұмыстардың бәрін орындап, ҚР Суретшілер одағының төрағасы, ҚР Халық суретшісі Еркін Мергеннов, Ә.Қастеевтің кіші қызы Гүлнәзия Қастеева, музейдің аға ғылыми қызметкері, француз тілінің маманы Раушан Баялина, Арыстанбек Мұхамедидұлы және мен - бесеуіміз Париж қайдасын деп ұшып кеттік.

Айналайын ағатай, Олжас Омарұлы! Сіз сол күні, сол сәтте музейге келмегеніңізде Париж қайда, біз қайда? Қазақ суретшісінің өнері, мәдениеті өріс алмай қалар еді. Ғұмырыңыз ұзақ болсын!

Кедергілердің келесісі Д.Помпиду әуежайында болды. Ұшағымыз аман-есен қонғанда «келдік-ау» деп кеудемізді кере дем алып, далаға шыққанбыз. Франциядағы біздің елшіліктің жігіттері қарсы алды. Мәселенің негізгісі апарған жүгімізді кеденнен құжаттарын рәсімдеп шығарып алып кетуде екен. Жүк менің атыма жазылғандықтан мен әуежайда елшіліктің бір жас жігітімен қалдым да қалғандарын қонақ үйге орналастыруға алып кетті. Жаңағы жігітім құжаттарды тындыратын шығар деп қаперсіз оты-



ра бердім. Ары-бері елпектеп жүгіріп жүрген елші жігітім бір уақытта «аға, қазір келем», - деп жоқ болды да кетті. Келіп қалар деумен бір сағат өтті. Шыдай тұрайын деп, отырып тағы бір сағатты өткіздім. Енді не істеймін, телефондарын білмеймін, тіл білмейтінім о бастан, көлік те жоқ, айдалада қалды деген осы екен деп жан-жағыма алақтай қарап, мазам кете бастады. Қарсы алдындағы әйнек терезенің ар жағында отырған француз кеденші көзінің астымен анда-санда маған қарап қойып жымып отырған еді, енді ол да қабағын түйіп түнере қалыпты. Бұған дейін Қазақстаннан келген музей директоры, беделді қазақпын ғой деген ойым быт-шыт болып, француз кеденшінің алдында тұтқын кейпінде мүсәпір халге түстім. Иығымды көтеріп, білмедім ғой дегендей енді мен оған күлімсіреген болам. Ол маған ала көзбен қарай ма қалай, әйтеуір біреумен телефон арқылы сөйлесіп отыр. Төртінші сағатқа кеткенде кеденші мені саусағымен ымдап өзіне шақырды. Не айтпақшы екеніне ақылым жетпей дал болып алдына жақындай бердім. «Дуан-дуан, папир» деген сөздерін анық естимін. Менің арғы атамды қайдан біледі деп те ойладым. Содан бір кезде «кастомс» деп ағалшынша айтқанда барып түсінгендей болдым. «Дуан» дегені «кеден» екен, «папир» дегені «қағаз», ендеше кедендік құжат жасаймын дегені. Ішім жылып сала берді. Енді менен «тампон» дегенді сұрайды, ауызым аңқайып, ол не болды екен деп, телевизордағы жарнама есіме түсе қалғанда француз жұдырығымен қағазды қойып қалды. Ұқтым, мөрің бар ма деп тұр ғой бұл. Әрине, бар. Сөмкемнен шығара қойдым. Мына жерге ұр дегендей қағаздың бұрышын нұсқады. Солай істедім де, ішімнен бір Алаға тәубе еттім және Қастеев аруағына рахмет айттым. Мені аяп, жаны ашыған французға да өмір тіледім.

Кеденші французым қолымнан ұстап аулаға шығарды, бір жүк көлігін шақырып менің жәшіктерімді тиетті де, маған машинаға отыр дегендей ишарат білдірді. Енді бұл француз маған әкем тіріліп келгендей көрінді. Қолын қысып, құшақтап, бетінен сүйюге аз-ақ қалдым. Қалтейін, қолымда басқа түгім жоқ. Білетін французша «мэрсиді» бірнеше рет қайталап әдемілеп айтқандай болдым.

Әйтеуір, елшіліктің адресін жазып алғаным дұрыс болыпты, жүргізуші көп қиналмай алып келді. Кейін әлгі елші жігітті сұрастырсам қызметіне келгеніне бір-ақ ай болған, французша да жөнді білмейтін болып шықты. Қайтіп менің көзіме түспеуге тырысқан болуы керек, жолықпадым.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасыңа» деп халқымыз қалт айтпаған екен. Іздесең табылмайтын талай адам «бір көріп қолын ұстасақ» деп армандайтын аңыз адам - жазушы Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматовың Парижде ашылайын деп жатқан Ә.Қастеевтің шығармалары көрмесіне Австриядан әдейілеп келуі біз үшін көрген түстей болды. Оның себебі де жоқ емес еді.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші, ес кетіретін жаңалықты көрменің ашылатын күні

естідік. Бірғаным Әйтимова ханым өзі келеді деп жүрген Арыстанбек бауырымыз «енді ешкім Астанадан келмейтін болыпты», - деп тұр. Ондайға үйреніп қалған біздер енді қайтейік, барымен базар болармыз деп тұрғанда С.Толмачев деген Олжас ағамыздың орынбасары ЮНЕСКО-ның басшыларына кіріп шығып еді, үнжұрғасы түсіп енді «Мацуура мырза протоколға сай Қазақстан жағынан лауазымды адам болмаса көрмені ашуға бармаймын» деген жаман хабар жеткізді. Ол деген көрме ресми ашылмайды, сонымен бәрі тәмам деген сөз. Төбемізден жәй түскендей бәріміз меңірейіп тұрғанда көрме залының есігі айқара ашылып, «Ассалаумағалейкүм, қазақ бауырлар деп Шыңғыс аға кіріп келмесін бе! Басқаларының қандай күйде болғанын білмеймін, мен өзім жақсылықтың жарық жұлдызы туғанын жан-тәніммен сезіндім. Жаратушы тағы да бізді тығырықтан алып шыққанын білдім де «құлдық» дедім. Ары қарай бәрі менің сезімім ақталғандай болды.

Шыңғыс Төреқұлұлын бәріміз қаумалап, сәлем беріп, қолын алып дегендей шұрқырасып қалдық. Содан ептеп жағдайды түсіндіре бастадық, осындай да осындай, «біз жақтан келетін лауазымды адамдардың ұшақтары ұшпай, жолдары болмай, біздер жетім баланың күйін кешіп отырмыз, не көмегіңіз бар?» - дедік қой. Шыңғыс аға бізді тыңдап болған соң, «саспаңдар, бұларға қырғыз - қазақ бір туғанын айтып, мен сол үшін келдім деймін», - деп күлді де Мацуура мырзаға жолығу үшін кеңселеріне кетті.

Біз ғой сақадай сай тұрмыз, халық көп жиналды. Қазақстанды жақсы білетін бір француз профессор бар екен, бұрын да М.Әуезовтың 100 жылдығында көргенбіз, сол кісі бізбен қосыла Қазақстанның мәдениеті мен өнері жайлы келушілерге мағлұмат беріп жүр. Жағдайымыз тәп-тәуір оңалып қалғандай, бірақ көңіліміз әлі күпті.

Көрменің ашылатын уақыты сағат 16-00-де екінші қабаттан бір топ адам, алдыңғы қатарда Шыңғыс Төреқұлұлы және К.Мацуура мырза болу керек, шығыс пішініндегі адам төмен түсіп келе жатты. Жұрттың бәрі қол соғып, қарсы алып жатқанына қарағанда бәрі орнына келді ғой деп түйдім. Иә, солай болды. Мацуура мырза ортаға микрофонға жақындап біздерді қатарына шақырды. Содан сөз сөйлеп, көрменің авторы Қазақ елінің тұңғыш кәсіпқой суретшісі, жарты әлемге белгілі болған Әбілхан Қастеев дегенде көзіме жас келіп, неге екенін білмеймін шөліккеп қалғандай тамағым кеуіп барады екен. Біздің елдің атынан Шыңғыс аға мен Еркін Мергенов сөйледі де экскурсияны Раушан Баялина жүргізді. Оның французшасына халық риза болып, мақтау айтып жатты. Соңы дастарханға жалғасты.

Осылай тағы бір қазақи кедергіден әлемге әйгілі ғұлама жазушы, дипломат Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматов ағамыздың арқасында аман-есен, абыроймен өтіп, қазақ мәдениеті мен өнерін, оның ішінде бейнелеу өнерінің де шоқтығы биік екенін әлем алдында дәлелдегендей болдық.

Қырғыз-қазақ бір туған дегеннің шындығына көзіміз сонда жетіп, Шыңғыс сияқты ортақ ағаларымыздың болғанына «тәубе» дедік. Топырағың торқа, жаның жәннатта болсын, аяулы аға.



Байтұрсын ӘМІРБЕКОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор,
Ресей көркемсурет академиясының құрметті мүшесі.

ШЕЖІН ШАҚЫРАДЫ



Шежин ауылы. Суретші - Құрманғазы Ақашев

Қазақтың Ұлы даласы, әр өңір өзінің атақ-даңқымен елімізге танымал болған ұл-қыздарын, тау тұлғаларын мақтан етеді. Жаркент десек, шағын ғана тау баурайындағы Шежин ауылы осы өңірде туып өскен қазақтың әлемдік сурет өнеріндегі бірегей тұлға – Әбілхан Қастеев атамыз туған киелі мекен еске түседі. Осы өңірге келушілерді тау етегіндегі көркем табиғаты көз арбайтын аршасы мен шыршасы, жусаны мен жуасының, қойбүлдіргенінің жұпар иісіне тамсанбау мүмкін емес. Шежин өзенінің аңғарынан соққан салқын жел жан жадыратады. Бәйгетөбеге шығып айналаға көз салсаңыз тұңғыық ойға жетелейтін сары, қызыл, күрең бояу бетін әжімдеген жарқабақтар мен жойқын төбелер тау басындағы құзр шыңның құлама беткейлеріне таңдана қарайсың. Шежин өзенінің жағасындағы биік беткейден өзеннің аңғарына тал-теректердің ұйыса біткен топ-топ шоғыры жел тербегенде күн сәулесімен шағылысып ән салып тұрғандай...

Егер сіз жаныңызға осы өңірдің шежіреші қарияларын ертіп алған болсаңыз сарынды әңгіме барысында көп сырға қанық боласыз. Елшібек батыр ұрпақтары сонау ықылым заманнан туып өскен жер тарихынан сыр шертер еді. Бәйгетөбе етегіндегі Елшібек батыр ескерткіш-монументі, Әбілхан Қастеевтің ЮНЕСКО көлеміндегі мерейтойы қарсаңында ашылған этно-парк, Ұлы отан соғысы ардагерлеріне орнатылған, есімдері мермәр тасқа жазылған алая көз тартады. Бұл игі шаралар осы ауылда туып-өскен Тұрған Жанпейісов, Сабыржан Медетханов секілді меценат жігіттер бастамасымен қолға алынған еді. Өкінішке қарай осы этно паркті, оның алма бағын күтіп қарауға штат бөлінбегендіктен қараусыз, күтімсіз қалды. Этнопарк алаңында Әбілхан Қастеев суреттерінің тас бетіндегі ерте дүние петроглифі үлгісіндегі таңбалы бейнелерін көркемдеген мүсінші Самат Нұрсапаев еңбегі орасан. Шежин орта мектебі жанындағы шағын Әбілхан Қастеевтің мүйіс мұражайы қайта жандандыруды күтіп тұр. Шежин ауылынан тауға қарай жүрсеніз Көксай жайлауы, Шақпақты, Мәсембай қонысы, Бесқарағай, Алтынқазған, Құсықбай текшесі секілді жер атауларымен қанық боласыз. Жол бойындағы Ұлы бабаларымыз үйсіндер заманынан қалған төбе обалар, көне қорымдар, сонау ескі заманынан үн қатқандай.

Кеңес Үкіметі кезінде Шежин, Нәдек, Алтыүй (колхоз орталығы), Үлкеншыған - Бірлік ауылдық кеңесіне қарады. Осы Алтыүй ауылындағы Ә.Қастеев орта мектебінің жанынан құрылған тарихи мұражай фотостенділер ауыл тарихынан көптеген қызықты мәнді мәліметтер береді...

2003 жылы Елшібек баба ескерткішін орнату кезінде жер астынан көне «тас оқтау», яғни тастан қашалған жәдігер табылғанын айта кеткен жөн. Мүмкін бұл осы мекенде өмір кешкен ежелгі сақ, ғұн, үйсін, көсемдерінің билік белгісі болар деп ойлаймын. Шежин ауылында 1960 жылдары жолқы фермасының меңгерушісі болған Күлғайша апамызды, Көсем апамызды

ел жұрты әлі ұмытқан жоқ. Міне осы кісінің үйінде Әбілхан ағайымыз талай рет шәй ішкен, патша заманынан жеткен сары самаурын сақталған, бұл да құнды мұра. Осы Күлғайша апамыздың жылқы фермасында ұлы суретші өзінің кемел туындысы «Бие сауу» картинасын жазған.

Туған ауылы Шежинді Ә. Қастеев аса сүйіспеншілікпен бейнелегенін айта кеткен артық болмас. Шежиннің жылдың төрт мезгіліндегі ғажайып көріністерін аса сезімталдықпен, ақындық шабытпен, акварель бояумен, майлы бояумен, шабыттана жырлағаны күллі көрерменге мәлім. Шежин өзенінің сарқырап аққан сұлу келбеті, ондағы келушілерді қызықтыратын фарель балығы кім-кімдіде тамсандырады. Осындай ғажап мүмкіндігі бола тұра Шежиніміз әлі күнге бірде-бір туристік бағдарламаға енбей, ескеруші қалғаны өкінішті. Туризм демекші Қазақстан Суретшілерінің бас қосып пленер өткізетін, симпозиум өткізетін, Республикалық, Халықаралық суретшілердің көрме байқауын өткізуге табиғи орта сұранып-ақ тұр. Егер қол үшін берер іскер, кәсіпкер азаматтар табылса қонақ үйі, асхана, шеберхана, көрме залы ғимараты болса табиғат аясында сурет салу шеберлігін шыңдайтын республикамызға танымал өнерлі суретші, мүсіншілер, қол өнер шеберлерінің базасы болар еді. Халқымыздың мәдениетін паш ететін даңқты орынға айналар еді.

Ұлы Абайдың Жидебайдағы, Шоқаннның Сырымбет пен Алтынмемелдегі мемориал кешені, Бурабай курорты сияқты атақ-даңқы кеңге жайылар еді. Әбілхан Қастеевтің «Қызжібектің күймесі» картинасы негізінде үш ақ боз ат шеккен күйме арба мен келушілерді, туристерді серуендетуге де болар еді. Күйме арбаны Нәдектен - Қарадала жазығынан Бәйгетөбеге дейін жіберсек қоңырауы сыңғырлаған жүйрік аттардың әсем жүрісімен дөңгелектердің сыңғырына құлақ сала отырып әсем табиғатты тамашалауға не жетсін!

Ә. Қастеев атамыздың «Қымыз фермасы» картинасы негізінде қымызды ауыл киіз үйлер тізбегі бой көтерсе, онда қазақтың ұлттық тағамдары дастархан мәзірінде толып тұрса. Бәйгетөбе өңірінде ат бәйгесі, жорға, жарыс, тағы басқа ұлттық ойындар өткізсек. Өңіріміздегі қолөнер шеберлері мен суретшілердің нарыққа негізделген туындыларын сататын саудасын жандандыруға жағдай туған болар еді. Ашық аспан астында тас мүсін мен ағаш мүсіндердің көрмесін жасап көрермендерге ақылы қызмет көрсету жанданар еді. Мен өз сөзімнің соңында іскер азаматтар, меценат бауырларымызды осы игі шараларға үлес қосып өзінің де, халқының да атағын шығарып, ХІХ ғасырдағы орыс сурет өнерінің жана-шырлары Третьяков, Мамантов секілді тарихта аты алтын әріппен жазылатын меценанттар бізденде шығатына кәміл сенемін.

Ақан ОЙМАУЫТОВ,
Панфилов ауданының
Құрметті азаматы,
Қазақстан Суретшілер
Одағының мүшесі,
ҚР Көркемсурет академиясының
корреспондент мүшесі.



Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, Панфилов
ауданының құрметті азаматы.

ӘУЛИЕАҒАШ ТРАГЕДИЯСЫ

**Жаркент өңірінің өзі аттас ауылында
өскен Әулиеағашты бөтен ағымдағы
адасқандар өртеп, үлкен бір бұтағы
жанып кетті...**

**Тәу етуге келген елдер көріп қалып,
ағаштың қалған бөлігін сақтап
қалды...**

Айналасын табиғатпен қоршаған,
саналы осы тіршіліктің басы – Адам!..
Көргендерді таңқалдырар ағаш бар,
Жаркентімде, жеті ғасыр жасаған.

Шежіре қарт, өмір көшін өткерген,
тілі болса, айтары көп өткеннен.
Дін жолына сәл қайшылау болса да,
жергілікті ел «Әулиеағаш» деп келген.

Келіп, көріп, тәу еткен-ді сан адам,
(сену-сенбеу, емес пе тек санадан?)
Дәл жанында жеті ағаш бар, бір түптен –
жергілікті ел «Жеті атаға» балаған.

Зерттеп көріп мың ғұлама, мың ғалым,
біле алмаған құдіреттің шын мәнін.
Таңқаласың жанында өскен бар ағаш,
«Әулиеге» басын иіп тұрғанын...

Таңдандырған осы көрніс мені де,
(бекер емес мұның бәрі тегінде...)
Жеті арасан, жеті өзені тағы бар,
менің мынау кие қонған елімде!

Солдай дейді қасиетін білгендер,
Кездеседі сенбей тағы күлгендер...
Сол ағашты өртеп кетті аяусыз,
басы қатып, басқа ағымда жүргендер.

Бекер айтпас, өмір сүру қиын деп,
қасқыр адам, жүрер бірі-бірін жеп...
Өртепті олар Алла берген сыйды ұқпай –
«ағашқа емес, бір Аллаға сиын» деп.

Не білесің, түнек болса ар жағың?
Ойлап қара, жанды-жансыз жан-жағың.
Ақымақ-ау, айналаңды қоршаған,
сыйы емес пе, бізге берген Алланың?

Өртедің сен Тәңірі берген сол сиды,
тағдыр көрген жеті ғасыр сан қилы.
Аулақ дейік қарғысынан Алланың,
кездесетін тіршілікте әр қилы.

Ей адамзат, асып кейде, азбашы,
топастықпен тоңмойын боп тозбашы...
Себеледі мен барғанда ақжауын –
секілді боп, Әулиеағаш көз жасы.

23.03.2019 ж.

ӘУЛИЕАҒАШ ТРАГЕДИЯСЫ

ҚЫЛҚАЛАММЕН ЖҮРЕК ҚЫЛЫН ТЕРБЕГЕН

**Қазақтың бейнелеу өнерінің атасы
Әбілхан Қастеевтің туғанына
биыл 115 жыл!**

Жазиралы Жаркент жердің жәннәті,
тарихқа айтар тағдырының бар даты –
тереңіне жете алмай, бір кезде,
«жүз жылдығын» тойладық беталбаты...

Сөйтсек, біздер бер жағында жүріппіз,
ар жағымыз – Үйсіннен – Көктүрікпіз!
Таразбенен тұстас екен ғұмыры,
шежіреге көрсек құлақ түріп біз...

Жә, бәрін де зерттер ұрпақ мәңгілік,
ғасырлардан жетер сансыз жаңғырық!
Тақырыпқа оралайық, өткенді,
тарихшылар еншісіне қалдырып.

Асылдар көп ардақтайтын сан адам,
есімдері орын алған санадан.
Тұлғалар бар өнегесі өмірлік,
Жаркентімнің топырағынан тараған.

Жоқты бар ғып жасап айту, жат маған,
ерлерді айтам ел есінде сақтаған!
Елтіңді мен Бағай батыр – бір төбе,
ұрпағымын солардың деп мақтанам!

Өткендерін түгендеуде ел бүгін,
толықтырып шежіренің кемдігін.
Айтып кеткен ежелгі ақын-жыраулар,
Бөлек, Сатай, Аралбайлар ерлігін!

Қасиетті елімнің шын бағы бар,
(халық айтқан аңыздардың жаны бар).
Жауы барда, ел батырсыз болмайды –
ұзын мұртты Ұзақ батыр тағы бар!

Сын сағатпен іргесі елдің бекіпті,
(құриды деп жаулар сырттан көкіпті).
Қарашекпенділерменен алысып,
Әтіке, Нұржеке, Есімбектер өтіпті...

Санасызға өмір сырын ашпаған,
(өрелі жас үйренуден қашпаған).
Би, шешендер, әулиелер болыпты,
Суандағы Қожбанбет би* бастаған!

Жебесе Алла, жауы ешқашан жеңбейді,
(қара бұлып басқанмен күн сөнбейді)
Қанша азапты бастарынан кешсе де –
халық барда өнер мәңгі өлмейді!

Кедергі емес, ешнәрсе шын дарынға,
соларменен арайланар таңым да.
Жаркент жұрты тұрар өнер төрінде,
Дәнеші мен Әбілханы барында!

Көрерменнің ой-өрісін өсіріп,
ізі қалған сан тағдырдың есіліп.
Суретшінің тері тамған Түріксіб
теміржолы жатыр әне көсіліп.

Елеулі істер елдің бүгін есінде...
Қонаевтай ұлы тұлға, шешімге
келгеннен соң, қолға алынған
құрылысы,
картина боп тұр Қапшағай ГЭС-і де.

Дөп басылған замананың пердесі,
сурет болып қалған сонау, ел көші.
Суретшінің нәзік жанын тербеген,
Алматының қандай әсем бейнесі!

Көкте аман тұрса Отанның ай-күні,
қыран құс боп самғар әлі айбыны!
Қастеевтің қолыменен сызылған,
Алатауда Медеудің мұз айдыны...

Бояуменен кестелеген арманын,
ел таныған суреткерде бар ма мұң?

Ерекше бір махаббатпен сызғандай,
тарамдалған ерке Талас аңғарын...

Сүймейді ғой өнерлі ұлын ел текке,
мақтанышпен дәріптейді жер-көк те!
Атыңызда галерея істеп тұр,
тарихымен даңқы шыққан Жаркентте!

Ел ерімен, ер жерімен танылар,
(кей жігіттің сапасы жоқ, саны бар)
Медетханов Сабыржандар жасаған,
Шежіндегі этнопарк бағы бар...

Қасиетті халық берсе батасын,
өнерлінің таңы арайлап атар шын.
Сізді ұстас санайтын жас қырандар,
ұмытпайды қылқаламның атасын!

Жан берсе де өнерін ел бермеген,
адам өлер, өнер бірақ, өлмеген!
Қастеевтей Шежірнің бір өрені,
қылқаламмен жүрек қылын тербеген!

Бояуменен өрнектеп бар аймақты,
ақ кенепте кемпірқосақ ойнапты,
жеті бояу – жетпіс жеті құбылып,
бұлбұл менен сандуғаштар сайрапты!

Маңдай тері куәсіндей төзімнің,
майыменен бірге тамып көзінің,
ақ кенептен орын алды мәңгілік,
буырқанған ұлы өзені Шежірнің!

Сан қазына, сан байлық бар жерімде,
сары алтындай Сарыжүрек тұр төрімде!
Қылқаламнан сиқырлы әуен төгілер,
Ақтекше мен Көктекшенің белінде!

Арқас тауым ақша бұлытпен жарасып,
орналасқан бар көркімен, сәні асып.
Көз тартатын портреттер тізбегін,
көздерімен көруге елдің бәрі асық!

Топырағына ақ нәсерді сіңдіріп,
ауасына бозторғайды ілдіріп,
таудың таңы арайланып тұр күліп,
шеберлікте шек жоқтығын білдіріп!

Биік ұшпай, қанаттары болса да,
бөденелер тығылады аршаға...
Атасының жолын қуған өнерлі,
Әбекемнің шәкірттері қаншама!

Қатайғанша буындары, ел танып,
деген оймен кеңес беріп, байқалық.
«Жаркент жауһарлары» атты ауданда,
жастар үшін құрылды үлкен орталық.

Талапкерлер, танылып бел буады,
тәлімгерлер, жастар сырын ұғады...
Елі дархан жазиралы Жаркенттен,
әлі талай Әбілхандар шығады!

*Албан Қожбанбет биі емес.
25.03.2019 ж.

АЙТПАСАМ, СӨЗДІҢ АТАСЫ ӨЛЕДІ

**«Жиенқұлға келгенде, шықпайды
үнім»**

**Сара
Тастанбекқызы.**

Жүре алмаймын басқаның ұқпай мұңын,
(мінін айтсам елімнің, құптады кім?)
Сара ақын айтқандай жылап тұрып:
өз жұртыма келгенде шықпайды үнім.

Кеше ғана сол жұрттың қолында өскем,
сендерсіңдер жаным да, қаным дескем...
Шыдайсың ғой дұшпанға, қандай қиын,
өз қолыңды егер де, өзің кессең.

Біздің елді ежелден Суан дейді,
мінезі де, сөзі де «жуан» дейді.

Бабамыздан сақталған бізге жетіп,
«Байсуан» деген біздің ұран дейді.

Біреу айтса «шынымды», қайқаңдаймын,
тұрмайды ғой алайда байқалмай мін.
Бұрынғылар бауырмал болған шығар,
бүгін бірақ, солай деп айта алмаймын.

Неге? – деп бұған қайран қаларсыздар,
тіл буынсыз – дәйек те табарсыздар.
Салыстыру арқылы айтайыншы –
содан кейін таласаң, таларсыздар.

Жаны бірге деуші едім, қаны бірдің,
(жоламаушы ем жанына жаны кірдің).
Бірімізге-біріміз, ел айтқандай –
судай суық екенбіз, соны білдім.

Білдім және көзіммен көріп жүрмін,
(көргеніме амалсыз көніп жүрмін).
Көрші ауданның қарасам тірлігіне –
шынымды айтсам, намыстан өліп жүрмін.

Сыйғыздады осыны кім ақылға?
(сыйлаған ғой жаратқан мұңды ақынға).
Райымбек бабаға тұрғызғандай,
ескерткіш жоқ ауданда бір батырға.

Біздер әлде қорқақтан туып па едік?!
(Бөрідей айдалада ұлып па едік?)
Мынау деп көрсететін тұлғасы жоқ,
шынар емес, япыр-ау, шыбық па едік?

Ешкімге Суан ек қой, жалынбаған,
жауға шапса, асаудай арындаған!
Елтіңдіге, Бағайға... басқаға да,
бір ескерткіш еңселі, салынбаған.

Кірмеді ме жоқ әлде әлі есіміз,
бітпеді ме өзді-өз егесіміз...?!
Өнердегі өз орнын ойып алған,
бар емес пе Әбілхан, Дәнешіміз!

Бар емес пе көңілге түйгеніміз,
ойландаршы осы қай жүргеніміз?
Ескерусіз қалып тұр, елге аян,
Қожбанбет би бастаған билеріміз.

Сондықтан да суандар байқалмаймыз,
(байқамады деп кімге айқайлаймыз?)
Бірімізге-біріміз шын көңілден,
мақтан сөзді марқайып айта алмаймыз.

Содан шығар елеусіз қалғанымыз,
мықтымызды мұқату – арманымыз.
Бірімізді-біріміз желпімесек,
өшіп қала бермей ме жанғанымыз?!

Бірімізді-біріміз қолдамаймыз,
сүрінгенін көрсек те, қорғамаймыз.
Басқа облыс, басқа бір аудандардан,
келгендердің алдында жорғалаймыз...

Мен қорқамын басқалар күле ме деп,
(осал тұсын елімнің біле ме деп).
Болашақта, есейген ұрпағымыз,
Суандығын ұмытып жүре ме деп.

27.03.2019 ж.

ЖАЗЫЛЫМ-2019

Құрметті оқырман!
Газетімізге алдағы 6
айлыққа жазылу бас-
талды. Осы сәуір, ма-
мыр, маусым айларын-
да «Жаркент айнасы»
газетіне 6 айға жазы-
лу «Қазпоштаның»
барлық бөлімшесінде
жүргізіледі. Индексіміз
– 65161. 6 айға жазылу
бағасы – 1232 теңге.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «БАҚ» ЖҚ
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.пochtасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018
ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
➤ Автордың материалдары редакцияның
көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды.
050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В
Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:

Алматы қаласы,
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис
Алматы облысы, Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа
шығады.
Тапсырыс: №782